

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



ҰЛЫ АБАЙМЕН ҮНДЕСУ



ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5Қаз)

Ұ 46

Редакция алқасы:

Б.Беделхан, С.Қамшыгер, Р.Жетібай

Жалпы редакциясын басқарған:

М.Д. Жақауов

Ұ 46 Ұлы Абаймен үндесу. – Алматы: Абай атындағы
ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2025. – 132 б.

ISBN 978-601-311-238-1

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті шығарып отырған «Ұлы Абаймен үндесу» жыр жинағына жас ақындардың хакім Абайға арнаған жүрекжарды жырлары топтастырылған. Бұл жинақ – жастардың Абай мұрасымен сырласуы, рухани үндестігі мен ой сабақтастығының көрінісі. Абайдың даналық жолын замана үнімен жаңғыртқан жас толқын өлеңдері оқырманды ізгілік пен парасатқа үндейді.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5Қаз)

ISBN 978-601-311-238-1

© Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Ұлағат» баспасы, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі қоғам ұлы бетбұрыстар мен терең өзгерістер заманы. Жаһандану дәуірі адамзат өркениетін жаңа биіктерге жетелегенімен, әрбір ұлт үшін өз тілі мен ділін, дәстүрі мен дүниетанымын сақтау – басты мәселеге айналып отыр. Ұлт болып сақталудың, болашақ ұрпақты төл руханияттың нәрімен тәрбиелеудің бірден-бір жолы әдебиет, ал әдебиеттің ең нәзік әрі терең тарауы – балалар әдебиеті екені даусыз.

Балалар әдебиеті болашақ азаматты тәрбиелейтін, балаға алғашқы рухани азық беретін көркем мектеп. Оның ішінде балалар поэзиясының орны ерекше.

Поэзия – баланың ішкі жан дүниесін тербетіп, жүрек көзін ашатын, қиял әлеміне жетелейтін күшке ие. Бала үшін өлең тек ұйқас пен ырғақ емес, ол алғашқы ой, алғашқы сезім, алғашқы таным. Сондықтан балаларға арналған әрбір жыр болашақ ұлт санасының іргетасын қалап жатқан көркем сөз.

Балалар поэзиясы бала санасына сіңірілетін алғашқы ұлттық код. Бұл код баланың көркемдікталғамын дамытып, сөзге деген сезімталдығын арттырады.

Жырдағы бейнелі ой мен образ баланың елестету, қиялдау қабілетін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге оның рухани имунитетін, ішкі тазалығын, ізгілікке құштарлығын қалыптастырады. Өлең баланы ойын түрінде тәрбиелейтін, өнер мен өмірді табиғи түрде ұштастыратын құрал.

Әлемдік тәжірибеге көз жүгіртсек, өркениетті елдердің барлығы да балалар әдебиетіне ерекше мән береді. Себебі олар бала әдебиеті арқылы ұлттың болашақ мінезін қалыптастыратынын терең түсінеді. Қазақ қоғамында да бұл бағытта тәуелсіздік жылдарынан бері жаңа леп, тың серпін пайда болды. Дегенмен, қазақ балалар әдебиетінің тамыры тым тереңде, іргесі берік.

Бұл арна Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық еңбектерінен бастау алды. Оның балаларға арнап жазған тұңғыш әңгімелері мен тәрбиелік өлеңдері – қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады. Одан кейінгі кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин сынды қаламгерлер балаға арналған сөз өнерінің шекарасын кеңейтіп, әдебиетті тәрбиелік құрал ретінде дамытты.

XX ғасырда қазақ балалар поэзиясы өзінің шарықтау шегіне жетті.

Бұл кезеңде Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Шөмішбай Сариев, Жарасқан Әбдірашев сынды қаламгерлер балаларға арнап керемет туындылар жазды. Олар жыр арқылы баланың жан дүниесін сөйлетіп, туған тілдің сұлулығын, табиғат пен адамзат арасындағы үйлесімділікті бала жүрегіне жеткізді.

Ал Сапарғали Бегалин сынды жазушылар балалар прозасының бағытын жаңа сатыға көтеріп, бала психологиясын терең түсінудің үлгісін көрсетті.

Осындай көркемдік дәстүрдің жалғасы ретінде Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы-

на арналған арнау өлеңдер жинағы дүниеге келіп отыр.

Бұл жинақ жай ғана поэзиялық топтама емес, ұлттық ой мен бала жүректің үнін біріктіретін рухани көпір. Абай қазақ әдебиетінің ғана емес, ұлтың рухани тұғыры. Ол ақын ғана емес, тәрбиеші, ойшыл, ұлт ұстазы. Абай шығармашылығының басты өзегі адам тәрбиесі. Ол «Толық адам» идеясын көтере отырып, рух пен сана, жүрек пен ақыл үйлесіміне ерекше мән берді.

Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге», «Интернатта оқып жүр» сияқты өлеңдері мен қара сөздері жасұрпаққа арналған мәңгілік өнеге. Осы жинақтағы арнау өлеңдер сол өнегені бала тілімен түсіндіруге бағытталған тың көркем қадам. Жинақтағы әрбір шығармада Абай дана ұстаз, мейірбан аға, шыншыл дос ретінде бейнеленеді. Ақындар бала жанына жақын ұғымдармен сөйлеп, Абайдың мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізуге барынша талпынған.

Қолдарыңыздағы бұл жинақ қазіргі балалар поэзиясының бағыт-бағдарын көрсететін, жаңабуын қаламгерлердің ізденісін айқындайтын еңбек. Мұнда тек Абайға арнау өлеңдер ғана емес, Абайдың болмысын бала тілімен қабылдату, оның идеяларын бүгінгі бала санасына сіңіру мақсаты тұр. Әрбір өлең сөз арқылы тәрбие беруге, ой тастауға арналған. Жырлар мазмұн жағынан да, көркемдік тұрғыдан да жоғары деңгейде. Олар баланың тілін дамытып, ойын ұштап қана қоймай, ұлттық рухты, әдебиетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Жинақты оқи отырып, жас дарындардың қанат қағып келе жатқанын, бала жырына деген қызығушылықтың қайта жандана бастағанын байқаймыз. Бұл қуанышты құбылыс. Себебі бүгінгі бала ертеңгі ойшыл, жазушы, ақын. Осы өлеңдерді оқып өскен бүлдіршіндердің арасынан болашақ Мұзафарлар мен Қадырлар, Шөмішбайлар мен Бегалиндер шығарына сенімім мол. Бұл жинақтың алғашқы қанат серпіні, алғашқы шабыт бастауы болуы әбден мүмкін.

Сондықтан бұл жинақты Абай мұрасының заманауи жалғасы ғана емес, қазақ балалар әдебиетінің жаңа тынысы деп қабылдауға толық негіз бар. Бұл еңбек балаларға арналған поэзияның қайта серпіліп келе жатқанын көрсететін жарқын дәлел.

Жинақты жарыққа шығару ісіне үлес қосқан барша ақындарға, шығармашылық топқа, ұйымдастырушыларға және қолдау білдірген азаматтарға алғысымыз шексіз. Бұл жинақ ұлттың рухани игілігіне айналары сөзсіз.

Бала жүрегіне жол тапқан Абай бейнесі – ұлттың ертеңіне шамшырақ болғай!

Құрметпен,
Алауханов Есберген Оразұлы
Заң ғылымдарының докторы, профессор,
академик, "Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері", Қазақстан Жазушылар Одағы
Төрағасының кеңесшісі, ҚР Оқу-ағарту
Министрінің кеңесшісі, заңгер-жазушы.



БІРІНШІ БӨЛІМ

«Абайға тағзым - аға буын жырында»

*(Ересек жас ақындар –
магистранттар, жас филологтар,
әдебиеттанушылар)*





АБАЙҒА

Өлінің бәрі – өркеуде,
Тірінің бәрі – тілемсек,
Тағдырды жеңген бар ма екен?..
Ей, Құнанбайдың баласы...

(С) Әділ Ботпанов

“Біз – біз емеспіз, бізге дейін болғандармыз”

(С) Вийо

Ғасыр ауды төбемнен,
Саған қарап, дүр Абай,
Үйренгенмін бұ қалай,
Жасымауды өлеңнен?

Кеудемдегі кертартпа кек сыңайлы,
Лаулап жансам,
“Ақын” боп от шырайлы!
Екі ғасыр ауысып, ұлы дауыс:
– Балам менің, келдің бе? –
деп сұрайды.

Келдім, баба! Қолымда жарым өлең,
Жарлы қазақ жадаурап жаны деген.
Үгіліп барам, нарым, маң баспадым,
Үмітті күтесің бе әлі менен?

Сосын тағы шығысқа қараймын көп,
Мойынымда сен артқан талай міндет.
– Қазақсың ба? Дәлелде! – дегендерге,
Қасқайып айтып жүрмін:
– Абаймын! – деп.

Содан бері жүрегім мұз болатын,
Құз, дала түн болғанда сызданатын.
Ескірмеген жыр болып отырамын,
Ескендірдей күшті боп ыждағатым.

Тағы дауыс естілді...
Секем алдым!
Өкпелетіп мені де өтер әркім.
Кие көрсін дедің бе, саған қарап,
Тие берсін дедім де кете бардым!

Кемеліне толысқан толық адам,
Әфсана көп екен ғой небір әман!
Көзімнің қарасында қала берді-ау,
Сөзімнің наласы боп, о ғұламам.

Тобықтыға қараймын Тобықтыдан,
Келешегім белгісіз, толық тұман.
Кеше кім боп өлгенмін, Бүгін кіммін,
– Мен қазақпын... әйтеуір, соны ұқтырам.

Құйрық-жалын тістеген қуғанының,
Мендағы бір тұлпардың тулағымын.

Артыңа бір қарашы...
Өзің жазған,
Өлеңдердің ең нәзік шумағымын.

Саған айтар назалы сырым дайын,
Бұл ғасырдың артына тығылмайын!
Домбыраң қып алып кет, құрығанда,
Тау қалқыған түнінде ыңылдайын.

Алып кетші асауға құрық қылып,
Көңілімде ойнайды күдікті үміт.
“Қайран еткім келеді бұл қазаққа”
Қайран кеткім келмейді біліп тұрып.

Омақасып, опынып ойланармын,
Жетегінде кетпейін айдағанның.
Қалың елдің қайраны болуы үшін,
Жайдағы боп көрейін қайманамның.

Жанымның жарымын ел барымталап,
Ұятым аз, секілді арым қамақ.
– Балам, менің келдің бе? – деп сұрайды,
– Келдім, баба! Қолымда жарым парак...

Азуымды қисайтты азап, мұңды ой,
Өз-өзімді босына қажаппын дөй.
– Келдің бе? – деп сұрайсың,
– Келдім, баба!
Сол баяғы ақылсыз қазақпын ғой...
Сол баяғы Абайсыз қазақпын ғой!

Абай рухына шер тарқату

Есік ашып тұрғандай бөлек ғалам,
Жүрегіммен тілдесу керек маған.
Ұлылығын ұғынып қара сөздің,
Ұлы Абай рухына шер ақтарам.

Әулие жер шарына атың дара,
Бақыт болмас адамға ақыл ғана.
Желдей өткен өмірде ұғынғаным,
Ақын жанын түсінер ақын ғана.

Ойым-салқын, жүрек-мұз, көңіл қырау,
Сүйегімді сырқыратты өмір мынау.
Бес асылды табам деп, ойда-жоқта,
Бес дұшпанға кезігіп жаңылдым-ау.

Сіркіреген жаңбырдай жылап ішім,
Арнасынан тасытты бұлақ ішін.
Қайғысы көп, алдамшы бұл фәниде,
Жалғыз өлең жаныма жұбанышым.

Жалған сенім жүректе жасанды үміт,
Жұп болған ба мүмінге жасандылық.
Қой терісін жамылған бөрілдерден,
Төмен ұстап басымды қашам бүгіп.

Шын айқынын өмірдің көп іздеймін,
Мөлдір суға жанымды негіздеймін.
Күндіз-түні тулайтын толқындары,
Тыншымайтын толағай теңіздеймін.

Соғылған соң өлеңге қайран маңдай,
Ақ қағазым айнама айналғандай.
Қалам салған ғаламда мына менің,
Тағдырым да қаламға байланғандай.

Бұрын сонды сезбедім күйді мұндай,
Өмір – ғажап, шынымен дейді бір бай.
Ал ақынға қасірет көрінеді,
Қысқа ғұмыр ешкінің құйрығындай.

Жайдарлы жаз сарғайса күз секілді,
Ызғар тартар көңілім сыз секілді.
Мендік жүрек айықпай кете ме екен,
Жай таппаған жалғанда сіз секілді.

Бірде бақ, бірде қайғы, бірде күмән,
Құбылмалы дүниеде тұрар ма мән.
Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Күдер үзбей рақымды бір Алладан.

Абайға арнау

Алысып өтті, алысып.
Соңында жұртқа бәрі әккі,
Үмітсіз көзбен қарапты.
Тәмам қазақтың даласы,
Тәмам қазақтың баласы
Көзінде оның солайша
Біртіндеп сөніп баратты.

Заман да заман, заман-ай,
Бұлағай менен алағай.
Зу ете шықты бір ғасыр,
Артына, тіпті, қарамай.

Тірлігін қылды тірі адам,
Дін аман бәрі дін аман.
Әлі күн сол бір теңізге,
Тас атып отыр бір адам.

Толтырып көр, ал, дегендей,
Талпынып көр, ал, дегендей,
Тас атқан сайын сол “теңіз”
Тереңдей берді, тереңдей...

Десек те қанша көрді азап,
Десек те қанша болды азат.

Баяғы жартас – сол жартас,
Баяғы қазақ – сол қазақ!

Атылған жылдам оқтай бір,
Содан соң неше өтті ай, жыл.
Абайды көміп, ал енді,
Сабайтын адам таппай жүр.

Абайды ұлықтамау

Абай дейміз! Абай жайлы не дейін?
Жыр қылайын жүрегімнің не күйін?
Шындық дейін шырқыраса жаныңыз,
Мұңлық күйін айтып барып өлейін!

Абай десек шығамыз ба белеске?
Біз ілестік не замана? Не көшке?
Ақылы емес Абай қылған Абайды,
Мына біздің ақымықтық емес пе?

Төзіміне жүк болғандай тезіміз,
Мына мұңның ауырлығын сезіңіз!
Шындық айтқан Абай дейміз әулие етіп,
Ал өтірік айтып жүрген өзіміз!

Айтты ғой деп Абай Хәкім даналық,
Тыңдаған түр танытамыз тағы анық.
Надандықтан шық деп таяқ ұстатты,
Біз не істедің? Сабадық ...

Сондай тұлға тудырды деп жұртымыз,
Құр мақтанып құбылады сұрқымыз.
Абай дейміз ауызымыз толғанша,
Қан мен майдан босамаған ұртымыз.

Ал не таптық? Бекер босқа опынып,
Мінберде жүр данагөйлер көпіріп.
Абай айтқан дейді сонда ақылдың,
Шынынды жәй ақылды боп көрініп.

Салқын жүрек, ұждан мұңын тәркі етіп,
Ақыл нұрсыз, суық қайрат, жар кетік.
Ұлы Абайды жоқтаймыз деп жүргенде,
Жоқ деп шықты әлде кімдер жалт етіп.

Ұлықтауға Абай әсте күшті есім,
Бірақ бұл жұрт бос әуреге түспесін.
Абай айтып кеткен екен дегенше,
Абай айтып кетіпті деп істесін!

**Хәкім Абай Құнанбайұлының
рух-шәрифіне мәрсия**

Жидебай сен енді мәңгілік көктемсің,
Пері қыз мұңымен жасыңды төккенсің.
Жыр оқып берші, Ата ажалдың биі де,
Ұжымақтың ханшасы бұл түнді өткерсін.

Жыр оқып берші, Ата біз енді өлмейміз,
Өзіңнің даңқыңмен ерлейміз, өрлейміз.
Туған жер бесігін өлеңмен тербейміз,
Тозақтың азабын тамұққа жерлейміз.

Жыр оқып берші, Ата ғасырлар жырымен,
Ғасырлар жырымен, шайырлар тілімен.
Бабамның ордасы мұғжиза тәбәрік,
Мен қалай сүрінем, мен қалай бүлінем?..

Жыр оқып берші, Ата асыл ер, еңселім,
Боздайды алаң жұрт, боздайды өлсе кім.
Құнанбай әруағы қолдайды, қорғайды,
Іргеме ібіліс отындай төнсе кім.

Жыр оқып берші, Ата ғазалдар сертімен,
Домбыраң толғасын, толғасын түркіден.
Барқытбел, Жидебай жаңғырып еседі,
Құнанбай жұртымен, Абайдың ғұрпымен.

Жыр оқып берші, Ата ұрпақтар алдында,
Бәйшешек таңдарға, гүлдерге, жаңбырға...
Мен саған күй тартып берейін кісінеп,
Көктасың жібимей күңіреніп қалдың ба?!

Жыр оқып берші, Ата аңыздар дұғалы,
Бабалар ұраны, болашақ шырағы.
Байғыздың үніне қосылған өлеңің,
Бейіттер үстінде жайқалып тұрады.

Жыр оқып берші, Ата біздегі шер өлсін,
Көнелер көзіндей күзгі жыр көнерсін.
Қорқыт шал көрінен түре кеп,
Жыр оқып берерсің, жыр оқып берерсің...

Жыр оқып берші, Ата жылдардың зарпымен,
Шайырлар антымен, серілер салтымен.
Абайдың есімі мәңгілік – Толағай,
Мәңгілік жасайды ғасырлар даңқымен,
Алты Алаш халқымен, Алты Алаш халқымен...

Кешір ата...

Кешір, Ата...

Басым қайда, мен қайда?!

Тағдыр деген су тамызбас таңдайға.

Ешкім жоқта өзіңе кеп егіліп,

Бабаларды жоқтап алсам болмай ма?!

Бабаларды жоқтап алсам пірім деп,

Жүрегімнің нала-мұңын тілімдеп.

Ақын болдың Алашыңның еліне,

Нажағайдың намысындай гүрілдеп.

Жылаудың да айтшы маған амалын,

Батқан күннің соруы сол деп қарадым.

Мәңгіліктің моласының алдына,

Жылына бір соғамын.

Жылына бір қылқындырып демікпем,

Есер желдей есер өмір еріккен.

Жидебайдың адыр-адыр белдері,

Сонда бізден не күткен?!

Сонда бізден не күтеді айт оны,

Құсни-жыр азалы үнмен күй телі.

Тарихымды аңыздарға таңбалап,

Жидебайға барып келсем қайтеді?!

Бұл өлкеде сен бар дейді ел осы,

Көне бесік әлдиіндей көнесі.

Үмітімді қарымайтын жалғыз жер,

Жидебайдың жырға айналған төбесі.

Аят оқып жазымышыма жан-күбір,
Алатаудың қасіретіндей тағдырым.
Ғасыр ауған жаққа қарай жантайып,
Басым ауған жаққа қарай қаңғыдым.

Басым ауды, мың қараймын маңайға,
Қырау қатса күз келеді самайға.
Кешір, Ата мен не деймін Алашқа,
Кешір, Ата мен не деймін Абайға?!

Дүниенің сол-ақ бәлкім бір кемі,
Күнді ұйықтатып, Айды түнде түртемін.
Құбыласын Аспан деген күдірет,
Қайда менің Үркерім?!

Қайда маған дүр-шағымда енді өлім,
Өзің болып, өзім болып шерледім.
Алшаң басып Алашыңның төрінде,
Абай жаққан қара өлеңмен өрледің.

Бәлкім біздің бұл тірлікке қапасың,
Шындық үні шымырлатсын, қақасын.
Балбал болып күңіренген іңірде,
Жидебайға батып бара жатасың.

Кешір, Ата...
Басым қайда, мен қайда?!
Тағдыр деген су тамызбас таңдайға.
Ешкім жоқта өзіңе кеп егіліп,
Бабаларды жоқтап алсам болмай ма?!

Қабағынан қар жауғандай қыраттың...

Қабағынан қар жауғандай қыраттың,
Көкейімде күмбір-күмбір сұрақ тұр?!
Шыңғыс таудың тауға сіңген жонында,
Жортып бара жатады екен бір атты.

Жортып бара жатады екен түн кешіп,
Бөрілі байрақ рухымен тілдесіп.
Жидебайда кәрі бесін балбырап,
Шыңғыс таудан самал есіп, жыр көшіп.

Жеті қаттың сырнайлатып сарынын,
Тәңірі жебеп тұрғандай ма Тау – ұлын?!
Айбарымды алты қырдан асырған,
Алашымның буырқанған дауылы.

Алпыс екі тамырынан күй ағып,
Шартарапқа самғайды екен қиялы.
Құла түздің құрыстырып арқасын,
Қара жерді тілгілейді тұяғы.

Қызыл іңір балбал сазын тамызып,
Нажағайы жарқылындай тамыздың.
Абай ата – баһадүрлік болмысым,
Аспанына көшіп кеткен аңыздың.

Ұлы түзді дүбірлетіп жылқылар,
Көк шалғынға аунайды-ай кеп шұрқырап.

Қазағыңның иісі аңқып жатады,
Ертісіңнің бауырында бұрқырап.

Бұл өлкеде өлең қалып, тән қалып,
Долы боран бұрқырайды долданып.
Байырғы жұрт жотасында мызғып ал,
Жидебайдың асуына жалғанып.

**Қалың қалай,
Қарқаралы, мұңдасым...**

Қалың қалай, Қарқаралы, мұңдасым,
Жидебай боп азынайды бұл ғасыр.
Абайыңды танысың ба, құрдасым,
Құнанбайұлымен оянады жыр басы.

Жыр Меккесі – Жидебайдан жыр көшіп,
Ұлы дәуір ұлы әуенмен үндесіп.
Мен отырмын жанарымда жалқы жас,
Абай ақын рухымен тілдесіп.

Семей шәрі, кәрі бесін, көшелер,
Көшелермен көшелерге көшеді ел.
Ақыныңнан айырылса Алашы,
Тәңірі өзің кеше гөр!

Күз соқпағын күңіrentіп, ұлыған,
Балбалдардың бақилығы жырында.

Көкейімде күмбірлейді Абаймен,
Көкірегімде кісінейді бір ұран.

Бүлкілдесе бүйірімде бұйығы үн,
Шарлап көктің шатқаяқтап қиырын.
Шарайнаға шалыс қарап ай кеудем,
Жазмышыма жазылады иірім.

Беу, Алашым қасіретің қара түн,
Қайырылып қассақ күнге қанатым.
Жидебайдың азынайды айбары,
Қара Ертістің қарлы желі соғатын.

Боз аспаны боз даланың боздаған,
Қорқыт-қобыз күміремі қоздаған.
Мәңгілікке лаулап жатыр Алашың,
Ақын рухы маздаған!

Абай

«Жарығым да жақпады,
Құдай-ай!...» деп,
Сырын айтып тұрғандай сыңар Ай кеп.
Бір Абай боп қазаққа сүйінем де,
Қүйінем кеп қазақтан бір Абай боп!

Өшіргендей көңілдің қоламтасын,
Өмір осы – барынды жоғалтасың.
Бұ дүниядан не қайыр?
Қапалансаң,
Қасыңда бір болмаса Қаламқасың!

Ата-әжесіз біз қалай гүлденеміз,
Ата-әжесіз біз қалай Күн көреміз?
Тұтас ұлтқа тамырын терең жайған,
Бар Алаштың анасы бір Зереміз!

Еске түсіп бейуақыт «Майда қоңыр»
Елім көшіп барады ойда небір.
Замандардан қайтып кеп тұрғандаймын,
Біздің өмір, өмір ме?
Қайдағы өмір!

Қайдағы өмір болса да
Бес күн мейлі,

Бір жанашыр жаннан үн естілмейді.
Ескірмейді ешқашан біздің Абай,
Өйткені, елге ешқашан ес кірмейді.

Тұлға боп тек тарихта тұрады озық,
Жыр жолында өзен, көл, жыра кезіп.
Бір Абайды аңсасақ ғасырдан біз,
Туу керек қайтадан бір Ауезов!

Ал, елдегі
Жігіттер құнандай боп,
Рухты бүгін жүргендей суармай көп.
Бір-бір Абай керек қой өзімізге,
Ең қиыны біздерде Құнанбай жоқ!

**Мыңмен жалғыз алысқан
немесе
46 қара сөз**

**“Келер қазақтың да ішетін
уы мен балы – Абай.”**

Асқар Сүлейменов

Дастан дала жазылмаған, оны оятқан Таң іңір,
Хақ тағала бұйрықтарын екі етпеген әлі бір.
Дүбірлер мен айқастардан шаңы, соры, бағы
ұшқан,

Далам!
Сендік гуілменен жарысқан,
Мен келемін – жан-жағымнан жаншыса да –
жаны дүр!

Қазақпын мен, кеуде керем түскен әсте көп еңсем,
Жұрттың айтқан мақтанына далбалақтап ерем сол.
Салт санасын соқыр байлап ұстанбаған көпте кім?
Бабам!

Саған көңіл айтсам деп “бекін”,
Үш жетідей желіп келем Мағаш қайтты деген соң.

Қырдан ассам, желмен бірге тұрар деп ем жыр
есіп, Қиырда анау көрінеді Абай аға бір өзі.
Ойға шомып, күрсінді де кіріп кетті ішке жай.
Маған

Қарап білінді ме күште зай,
Содан кейін басталды күрт тылсым
мұңның күресі.

Үйге кірдім амандасып, танымады, көрген жоқ,
Көрден келіп тұрғам жоқ қой, шаршаған-ау
елден көп?

Қараңғыда қаламына жиып бар құпиясын,
Жалаң
Қолмен ұстап отты сиясын,
46 деп бастады, саусақ әрі өрген жоқ.

Көкірегіме біткен сор мен мұнды көріп түсімнен,
Бақсыдайын өзі алысқан мыңды көріп ішімнен.
Кілт тосылып, тұнжырады, тастай салып
қолдарын,

Қалам
Енді ұстамастай ол дарын,
Төсегіне жатты барып, мен де айырылдым
күшімнен.

Ұлы ойшыл ой жазбаған айналшықтап апталап,
О, Тәңірдің тағдырына мойынсұнған ақ парақ!
Адамшылық, Ар құны мен Иман қақты есікті,
Заман
Бірақ әдейі сәл кешікті:
“Сана бер!” деп қалғанына, тұрғаннан соң
Хақ қарап.

Тамыр салған талдың бәрі қарап өсер Қарағай,
Мыңмен жалғыз алысқан да, мыңының да
жаны Абай.

46 сөз жазбадың деп күндейді
көп қазақ,
Қалайтыны тек мазақ.
Адам
осы қайтер екен білмеймін
Қазақ осы мінезінен танбайды,
Сондықтан да, уайымдама, ескірмейсің әлі Абай!

Байкенқызы Шұғыла

Даналық дариясы

Құдайды ойлап, қолына құран алған,
Құштар саған құба бел, құлан ауған.
Хақ жолынан адасқан пенделерге
Хакім Абай жол сілтеп тұрады алдан.

Тұрады Абай, жанарын жасқа балап,
Білсең оның сезімі, басқа бірақ.
Қалың қазақ қарыздар құрсағына
Қасиетті, қадірлі, қасқа бұлақ.

Әнің анау, таулардың мұнарындай,
Халықтаған аспанның қыранындай.
Қара өлеңің қазақтың құмарындай
Қара сөзің кәусардың бұлағындай.

Қасқа бұлақ киелі кескін елге,
Егізінде жоқ сенің ешбір елде.
Шыңғыстаудың шыңдары жасқа толды
Шын ақынның өлгенін естігенде.

Жидебай мәңгі мекен мазарыңның,
Басыңда құс ұшып жүр ғазалыңның.
Қазақты ойлап жүрекке жүк түсіріп,
Қазақты ойлап түндерді қаза қылдың.

Жарасады жалғанда жылап күлсе,
Сүрінбейсің санаңа сынақ кірсе.
Құран сөзі сонан соң, біздің қазақ
Құнанбайдың ұлына құлақ түрсе.

Ермахан Шұғыла

*Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы*

Көрінгені “Ақын болып көрем” деп
Айқай салса, кетуші едім елеңдеп.
Ақынды мен пайғамбар деп санағам
Көрінетін хадис маған – өлең боп!

Себебі, ақын – Тәңір берген сый еді!
Бұл фәниі жан-тәніне киелі.
Дала аңсаған бар бір нәзік жүрегі,
Далап жаққан көкжиек қой сүйері!

Әрбір сәттің сұлулығын жұтып ол,
Әр мезгілге жүрек пен жан бітірер.
Өнерінің тылсымдығы бір төбе,
Өлеңінен өмір көрер бүкіл ел!

Келер күннен үзілгенде күдерің,
Хәкім айтар ғадауаттың бір емін..
Бұл жалғанда қайратың мен ақылдан
Биік тұрсын, күйіп жанған жүрегің..

Құлазыған сәтте, жоқтай жақыны
Құдаймын деп ойлап тұрар “батыры..”
“Алып шықпас сенбеген соң өзіне”
Екі жақтап, білімі мен ақылы..

Сан сырларын шертетұғын санамның
Сандырағын саралатып сараңның:
“Адал еңбек – мал іздемек дегенің,
Ол ісі еді ең бір арлы адамның..”

Деген сәтте, күллі халық ес жиды,
Абайламай өмірде ешкім өспейді .
Көр, “білек пен білімнің арасы
Өр жүрек пен тектілікті көр.

Мен күйінді кешпедім

Мен күйінді кешпедім, қалай кешем?
Естіртсе де жырынды талай көсем,
Тыңдамадым, ұқпадым, елемедім,
Түбін мүжіп сен тіккен керегенің.

Өзінді мақтағаннан пайда бар ма?
Сөзінді таптағаннан әй, маған да!
Қашқан тән құран, зәбур, тәуретінен,
Абай ұлы деп жазсын қай бетімен.

Дәл сендей тола қоймас көзіме мұң,
Мен әлде Тобықтының езі ме едім?
Езімін, езімін-ау, езімін-ау,
(Өлеңші ақыныңның сөзі мынау...)

Ілініп шегесіне сол қазақтың,
Сора-сора жасыңмен сорға жаттың.
Сол қазақтың ішінде мен де бармын,
О, Телғара, тірідей көрде қалдым!...

Көрде қалсам, мен сені түсінем бе?
Ар жолында әлім жоқ кісінеуге.
Бірінші қиналар ем қан құсқанша,
Қол сілтеген пендеге қарғыс болса!

Мен күйінді кешпедім, қалай кешем?
Күрмеліп қалады тіл Абай десем.
Жүзіңнен ұялумен, қысылумен,
Айналып өтем ылғи мүсініңнен.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ РУХЫНА
(Жидебайда жазылған жыр)

Мұңлығыңды мына түн мұңға орай ма?!
Екінді ауып барады Жидебайға.
Бір кісінің зарына құлақ тұнып,
Бірдеңе айтқың келеді кейде Абайға.

“Абай!” дегің келеді, “Абай!” дегің,
Сенің туған жылыңды санайды елің.
Өлеңінді оқиды талай бегім,
Өлеңімді тыңдамас қалай менің?!

Өлеңімді тыңдайды, жұрт біледі,
Жұрт біледі, жұртымның сұп-сұр өңі.
Сені күткен Құнанбай, Тобықты ма?!
Бұл қазақтың даласы күтті Мені!

Жылар шағың, Ей, қазақ!
мұнар шағың.
Дүрбелеңге дүрлігіп кіл аңсарың.
Жүз сексен жылыңды тойлағанда,
Жеті шумақ ақыннан жыр аңсадың.

Жыр аңсадың, қара өлең ізет мен де,
Күз өткен бе Семейден, сыз өткен бе?!

Жидебайды сапарлап кетті рухым,
Абай жатқан моланы күзеткенге.

Абай жатқан моланың басындамын,
Абай жатқан моланың қасындамын.
Жиырма бірінші ғасырға жырың жетті,
Ал, Мен бүгін
Жиырма бірінші ғасырдамын!

Құшақтасып қиялым түн-перімен,
Қанжығама ән байлап, жыр теліген.
Осы өмірді іңірге ұзататайық,
Жиырма бірінші ғасырға жүр менімен!.

Сапарғали Айдос Саятұлы

Абай атындағы ҚазҰПУ

Ұлы Абай

Ұлылардан ұлы болған Ұлы Абай,
Қанат жайған көгіне де қырандай.
Қалың елім, қазағым деп қам қылып,
Қазағына қызмет қылған аянбай.
Ақыл, қайрат, жүректі тең ұста деп,
Айтып кеткен ұрпаққа ол өсиет.
Қара сөзін қарашықтай қорғандар,
Әрбір сөзі оттай ыстық, жалын, леп.
Шыңғыстаудың баурайымен сырласып,
Аты шықты бар әлемге, шын бақыт.
Бір-біріңді дос көріңдер,
Ей, Қазақ!
Алаш сонда топ бастайды, шындалып.
Қыс. Көктемім, жазым менен күзімді,
Жырға қосып, нұрлы етті жүзімді.
Ғылым тауып, көз ашатын уақыт деп,
Ашып еді, күңгірттенген көзімді.
Талай!
Ғажап шәкірттері танылды ғой қалаға,
Оны байшыл, болыс-би деп санама.
Әр өлеңін ПӘЛСАПА деп қабылдап,
Түйіп алшы, өшіп қалған САНАҒА!
Дүмшеленген молдаларды шын сынап,
Перзентін де топқа қосты қамшылап.

Әр қазағын бауырындай қабылдап,
Айдан анық ақиқатты, шыншыл-ақ!
Қазағым деп, шерленді ол, шын жылап.
Крыловтың мысалдарын аударып,
Халықтың да надандығын сынға алып.
Мектеп салып, қазақ көзін ашам деп,
Кіріскенді ол, барын салып, қамданып.
Жас келсе де, ғылым іздеп талап қып,
ҰЛЫ Абай деп!
Барша әлемді қазақ жакқа қараттық.

180 жыл мерейтойың құтты боп,
Қалың елің тойласа ғой ғажап қып.
Сан ғасырлар әлемде өтсін мейлі,
Абайдың ұлы сөзі еш сөнбейді.
Қазаққа ес кірсе де, ескірсе де,
Дана Абай еш уақытта ескірмейді.

Сәтберген Заңғар Ғалымұлы

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті (ҚазҰУ)*

ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҚАЙМАҒЫ

(Абай Құнанбайұлына арнау)

Сол еді жалғыз алға беттеген де,
Сол еді нағыз еңбек еткен елге!
Көкке ұшып, бізге нұрын төкпегенде,
Болар едік жарыққа жетпеген де!

Көп шомып бұл фәнидің қат-қабатын,
Дүрбелең дүниені ақтаратын.
Сөздері көкіректе жатталатын,
Есімі жүректерде сақталатын!

Гүлдеген нәріменен ғасырлардың,
Бойлаған ізін соны асылдардың.
Отынан таңба болған жасындардың,
Сәулеңнен бүршік атып ашылғанмын!

Тағылым сөзіндегі асқарлаған,
Тәлімнің әр кезеңде аспандаған.
Тағдырдан тұла бойың жасқанбаған,
Өзіңсіз қазақ сөзі басталмаған!

Өзінді артық көрем белестен де,
Сенімен шынның өзі теңескен бе?

Мәңгі тұр көз алдымда, елестенбе,
Шығыстан самал болып жел ескенде!

Өткен-ау, өкінішпен бар ғұмырың,
Құлақ сал, жүрегімнің ән қыл үнін.
Шапағы секілдісің таң нұрының,
Қалатын мәңгі көкте жаңғырығың!

Апаттан, дауылдан да, бораннан да,
Өткенсің ет жүрегін оранғанда.
Сенімен қанат қақтым көп арманға,
Сенімім менен ұшып, жоғалғанда!

Әлемнің алты қырын астарладың,
Бұлақтай өзің ашқан бастауларын.
Қайран да, қарабауыр қасқалдағым,
Қазақтың қалап кеткен баспалдағын!

Уақыттың жаңа арнаға бұрылысы,
Сен едің қара сөздің ұлы күші.
Өзіңсің жұдырықтың жұмылысы,
Тоғысқан дәуірлердің құбылысы!

Мен саған сөзім жетпей жыр арнаймын,
Атыңды аспан керіп ұрандаймын.
Өзіңсіз қазақ болып тұра алмаймын,
Ұлысың ұлы тұлға Құнанбайдың!

Өмірге өкпе қылып аһ, ұрғанда,
Сүйенер сенен артық ақыл бар ма?

Мәңгілік, мәңгі тірі ақындар да,
Өзіңнің Абай деген атың барда!

Теңізсің түбің әлі сыр ашпаған,
Тұңғиық тереңіңе құлаштанам.
Өлмейді сенен қалған тым асқақ ән,
Құпия жұмбағыңды бір аш маған.

Заңғарсың, шықпағанбыз шыңыңа шын,
Жаңылған жүректерге қыбыласың.
Қазағың кемелденсе жырыңа асыл,
Жұмақта сен де мәңгі жылынасың!!!

Абайға арнау

Құдай сізге берген екен дара бақ,
Қуат алар жырларыңнан бар алап.
Абай ата – қазынасы қазақтың,
Ұлтын сүйген, ұлы тұлға ғаламат.

Ойнақтаса көз алдында тай-кұлын,
Артта қалар шер мен нала, қайғы-мұң.
Біздер үшін сарқылмайтын қазына –
Абай ата, өлең деген байлығың.

Ғұмырыңда тек жақсылық шеп құрып,
Бекзадалық бойыңда бар, бек қылық.
Қара сөз бен қара өлеңді жазғансың –
Тулап тұрып тамырдағы тектілік.

Біз – бүгінгі өлеңіңе мұрагер,
Жол көрсетіп Алатаудай тұра бер.
Поэзияның патшасысың, нар бабам,
Қара өлеңге келген кезде – Құлагер.

Мәңгі биік болып тұрар жыр-тағың,
Құрметтейді бүкіл Алаш тұлпарын.
Қазақ барда Абай жасар мәңгілік –
Ұлықтайды, ұмытпайды ұрпағың!

Садыр Қазыбек Сабыржанұлы

Абай Құнанбаевқа арнау

Ұрпағына қалдырып өшпес мұра,
Өтіп кетті өмірден есті кісі.
Өлең арнау біздерге бұйырыпты
Келгендей бір жылы сөз естігісі.

Қара сөздің қаймағы – дана Абай,
Қараңғылық түнінде шырақ жаққан.
Тура жолға жетелеп, алып келдің
Адам жанын адасып, жылап жатқан.

Іші алтын, сырты күміс өлеңдерің
Бағдар болды пәк, кіршіксіз болмысқа
Сөз түсініп, сырын ұққан адамға
Кемелдікке бастайтұғын жол қысқа.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап,
Қазақ үшін жаралған ұлы тұлға.
Түзеймін деп өз ұлтын барын салған
Болмас мұндай алыпты ұмытуға.

*Махашов Әлихан Ғалымжанұлы,
ҚазҰУ*

БАЗЫНА

(немесе Абай рухына арнау)

Ей, Құнанбайдың баласы,
Жүрек түбінде жазылмай кеткен жарасы,
Қара табытты құшақтап,
Қайғырып қалды қара қазақтың даласы,
Ей, Құнанбайдың баласы!

Құрметті болды қылғынған,
Қаймана жұрты қазақ дегенде кім құрбан?!
Мағына іздеп, мият таппаймыз неге осы,
Бұл тағдыр дейтін құрғырдан.

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,
Мұнарды жарық түрмес пе,
Кеңсайға кетіп қалғандар қанша бұл көште.
(...Абайды тағы сабауға,
Күлтөбенің басында жиналып отыр кіл кеше...)

Құдайдан келді қай шешім...
Құлқыным құрып, құлдық ұрамын әй, несін,
Қарға тамырлы қазақтың
Қарға тірлігін қайтесің.

Қасқайып тұрған қола да мүсін құйылған,
Аяймын сені, осынша сор-бақ бұйырған.

Ескіру үшін сендегі мұң мен нала күй,
Бұ біздің жазған қазаққа,
Ес кіруі де қиындау.

Мүсіннің алды.
Оқылар жырда жоқ есеп,
Дабыра тойдың думаны дүбір немесе.
Сенемін бір күн сендегі жырды ішінен.
Оқиды үнсіз келешек.

Оқиды сонда ойлы бір,
Толқиды сонда парасат тербеп айдынын.
Келеді бірге өзіңнен қалған кермек дәм,
Біздегі сол бір қайғы-дүр.

Қағынып кеткен қайран заманға қарашы,
Қамығып қалған хәл осы,
Құдайдан алып рұқсат,
Қайта тірілші,
Ей, Құнанбайдың баласы,
Ей, Құнанбайдың баласы...

ЖИДЕБАЙДА ЖАЗЫЛҒАН ЖЫР

(Абай ақын рухына дұға)

Уай, әруақ әнің қайда кешегі,
Жесір бұлттар жөңки-жөңки көшеді.
Қасқабұлақ ай толғанда күбірлеп,
Баба рухы оянады деседі.

Әулие-жыр менің қаным, ғазалым,
Көне жұртқа құсни хаттай әз әнім.
Рухыңыз оянғанда кісінеп,
Үрке соғар сам түскенде ажалың.

Азат ерге азынайды кіл қайғы,
Жыр дұғасын жастанамын түнге әйгі.
Балбал тастар жылап жатыр ей, мұңлық,
Кімдер көрген мұндайды?!

Көне жылдар жасын сүрткен балбал ер,
Аңырақай суын кешкен аңғал ер.
Күлтегіннің моласына күй ырғап,
Күзгі өлеңнің дертіндей боп тамған ол.

Көне шәрдің жыр сөйлейді ғұрпынан,
Кіл жүйріктер күн қыздырып жылқыдан.
Піл сауырлы қара жердің киесі,
Беу, шіркінді Жидебайдың жұртынан.

Ұлы дәуір, ұлы ғасыр жетті енді,
Әзиз елден шежірелеп өткенді.
Қыл қобыздың қияғынан қан тамып,
Қара жермен қақырап бір кеткен-ді.

Шығыс жұрты бата берген кер төбе,
Батыр келген, шайыр келген мынау шерлі
өлкеге. Әжем айтып әлқиссасын бастайтын,
Ерте, ерте, ерте де...

Құлдилаиды қайыс қамшы қос өрім,
Кер үлектей жантақ басын жесе мұң.
Ақ шаңдақтан ақтық орған дүр мола,
Ыңырантып Ебі, Сайқан есемін.

Тәңірі өзі шырамытып ілкіден,
О, ғазизім тамыр тартқан түркіден.
Тау-ғұмырлы Абай Ақын соңынан,
Мыңжылдыққа сіңіп барад мың түмен.

Біздің дала қызыл іңір, ескі өлең,
Күмбір, күмбір қоңыр сағым өшпеген.
Кетіп барам құстар қайтқан ақшамға,
Абай жүрген көшпенен...



ЕКІНШІ БӨЛІМ

«Абай үні - бізбен бірге»

(1-2 курстың ақын жастары)





Жастықтың оты, қайдасың?

Мен бүгін Абай жайлы толғамасам,
Көк тиын ақындықтың құны маған.
Жастығымның жалыны Абайменен,
Жыр боп тұнып, маздайды мұңым алаң.

Ақынның ой санасы – шабыт деген,
Шабыттанса жазады жақұт өлең.
«Болмасаң да ұқсап бақ» деген Абай,
Ұқсап баққан қызыңмын Бақыт деген!

Абай туған өлкеден түлеп ұштым,
Семейім – төрім еді, жүрек құштым.
Мектебім де есіміңмен өрнектеліп,
Жазған жырым сол рухпен қанаттап өстім.

Балғын жастан жырменен дос болғамын,
Мүшәйрада тербелткен жас арманым.
Абай сөзі – алғашқы шабытым боп,
Сол жарықпен ашылды ақ таңдарым.

Алатауға жол бастады армандарым,
Абай дейтін ардақты ордам – барым.
Университет төрінде сенің елің,
Жетелейді үнемі парасаттың жарын.

Жастықтың оты – жүректе, лапылдаған,
Ақын болу – арманым, жарқылдаған.
Сенің сөзің – серігім, рухым менің,
Жырларымда бейнең тұр жарқыраған.

Сен салған жол – мен үшін мәңгі соқпақ
Көкіректе жанып тұр шырақ боп нақ.
Жанымды сен үйреттің сөзге адал,
Жастығымды жырлаттың Абай аттап.

Қаламым – қайрат, кеудемде жалын, сенен,
Сенің үнің жетелейді тереңде мені.
Жастардың атынан үн қатамын:
«Жастықтың оты – мендегі өленде енді!»

Оразақынқызы Кабира

ҚазҰПУ

Жастықтың оты қайдасың?

Сан ғасырға сыр шерттің,
Сөз боп, шынардай өр кеттің.
Абай! – деп атам таң атып,
Арманға қарай жол шектім.

Биыл сенің – бір ғасыр мен
Сексен жылдың жалғауы.
180 жыл – тағзым бұл,
Халқыңның шын арнауы.

Жастықтың отын жағам мен,
Сен жазған жолмен жүремін.
Қара сөзің – темірқазық,
Сол арқылы биік көремін.

Өмірге оймен қарадың,
Надандықпен арпалыстың.
Мен де сол жолды жалғаймын –
Ғылыммен ғана жаңарам.

Университет төрінде,
Атыңмен атқан әр күнім.
Білім мен рухтың бейнесі –
Абай деп соғар әр үнім.

Сеніңмен сана кеңейер,
Сөздерің – жанға демеулер.
Ақиқат іздеп шарқ ұрсам,
Армандар алға жетелейді ер.

Қара сөз – ұлы мұра боп,
Ұрпаққа қалды асыл жол.
Сол мұраны ардақ тұтамын,
Санама түскен алтын шоқ.

Көкейге ойың дарысын,
Көңілге нұр боп жағылсын.
Абайша ойлап, сөйлесем,
Жастықтың жалыны жанар шын.

Жас ұрпақ бүгін түлеген,
Сен салған ізбен жүреді.
Абай – тек есім емес қой,
Ол – рух, ол – мәңгі тірі ел!

Абай Құнанбайұлына арнау

Қара сөздің қайнары Абай ата,
Қараңғыда жол сілтеген дана ата.
Сөз өнерінің шебері бір өзіңсің,
Ұрпаққа үлгі болған дара тұлға.

Өнерің бар, бар әлем мойындаған,
Көңілің бар, барлығына нұр шашқан.
Жүрегің бар, бәрі үшін елжіреген,
Білімің бар, болашаққа жол жалғаған.

Шәкірттерің бар, Мағауия, Ақылбай,
Үлгі алып сенен, ізінді жалғаған.
Білімінді паш етіп, жырмен өрнектей,
Таратты олар, даналығыңды сақталған.

“Абай жолы” кітабын жазып кетті,
Мұхтар Әуезов атамыз, сені зерттеп.
4 бөлімдік сен туралы кітабын,
Алып жатыр, таласып, сатып алып кеп.

Ұрпағыңа үлгі-өнеге боп қалдың,
Ғасырлар бойы айтылады жырларың,
Ақыл менен жүректің үндестігін,
Аманат қылып ұрпаққа, сен қалдырдың.

Қазағымның қамын жеген әрқашан,
Абай ақын, мен сенімен мақтанам.
“Қазақ үшін жан пидә” деп әрқашан,
Еңбек еттің, ел арманын айғадың.

Абайға арнау

Шығысымның тумасы, өлеңдердің патшасы,
Білімге құштар, қазағымның қазынасы.
Құнанбайдың баласы, ақындардың данасы,
Шын есімі Ибрахим, әр сөзінің бар санасы.

Атым Абай, тағдырым да жыр Абай,
Сөз өрнегін жүрегіммен саралай,
Ұлы есімге лайқ болмақ бір арман
Жолым түзу – бастауында Құнанбай.

Менің ізім сенің ізіңе айналған,
Арнау жаздым, жүректегі бір арман.
Тыңда халқым, тыңдашы өтінем
Бұл арнауды – Ұлы Абайға арнағам

Бала кезден құштар еді білімге,
Келген дей ақ – білім үшін өмірге.
121 жылдығығой осы жыл
Аты өшпей тұрғой шіркін әліде.

Біледі әркім Абай деген кім десе,
Ұяттығой Абайымды білмесе,
Абай деген “Ұлы ақын”, білмегенің біліп жүр
Рухың қазақ сөнбесе!

Пушкин менен Лермонтовты аударған,
Бар өмірін қазағыма арнаған.
Қазақ тілін ұмытқан ей жастар!
Абай атам сендер үшін талмаған.

Деді Абай: “мақсатым тіл ұстартып, өнер
шашпақ”, Оқымаған Абайды – ел адаспақ.
Оқы жастар, оқы тағы, Абайды оқы,
Қолдарыңда сендердің – ел болашақ!

Бес нәрседен қашық бол деп ұқтырдың,
Сол сөздерге мына менде құп қылдым.
Биік қойған толық адам ілімін,
Жүрегіне сіңіретін мықтымын.

Таразылап әрбір істі, ойға салдың,
Қара сөзбен даналыққа жол бастардың.
“Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста”,
Деп, ұрпаққа аманат сөз арнадың.

Сан ғасырдың төрінен сырын шеккен,
Қара сөзі елдің рухын елеңдеткен.
Тас жүректер жібиді шындық естіп,
Өтедіғой сөздері жүректерден.
Оқы жастар, оқы тағы, Абайды оқы,
Оқымасаң, шіриді ел шетінен.

Қиын күнде шындық айтқан жасқанбай,
Ұлттың мұңын жазды атам бас алмай.
“Оян халқым” деген үнін жаңғыртып,
Болашаққа елдің жолын ашқандай.

Абай деген “Ұлы ақын” тағыда айтам,
Танымаған шет елге – барып айтам.
Келер ұрпақ, болашағым білсін деп,
Өлелгенше осыны жыр ғып айтам!

Абай сөзі ұмытылмас қазақ елде,
Сақталады еңбегің осы жерде.
Санап айтып жеткізу мүмкін емес,
Сіңірген еңбегіңді осы елге.
Әруағың риза болсын Ұлы атам,
Бас иеді халқың саған әлі күнде!

Жәуке Боранбай

Нұр мүбәрак

Қара өлеңнің падишахы

Уа Абай сенбісің , қара өлеңнің биік шыңы,
Кеткендей көненің келместей кейіп мүсіні,
Бақ пенен асыл сыйларға жетер жолға,
Өткізбеді сені бұл өмірдің тұйық сыны,

Сен Жамбылсың аты мәшһүр жыр алыбы,
Сөздерін сырлы болған бір анығы,
Қасиетпен қаланған қара сөзің,
Қалған емес құндақталмай құр қалыбы.

Сен шыңшылсың ақиқаттың алдаспаны,
Жаһанға жария болған әр дастаны
Сүбелі сөз, сүйкімді ой, сансыз қиял
Өзіндей қара өлеңнің барма аспаны.

Сен Майқысын жарыған маржан сөзге,
Жақұт жырын көрінбес арзан көзге,
Көне көзі асылдың сынығысың,
Балаған бал жырыңды әр жан бөзге.

Жырларын жыраулардай жақұт алтын,
Шер шығарып шекеден шалқытатын,
Сүйінбайдай сүйкейтiң сырлы сөзiн,
Бар бойымды болаттай балқытатын.

Өтседе басыннаң көп қиналар күн,
Дәл мендей ізбасарын жиналар мың,
Киесі етіп Алатаумен Қаратаудың
Күмбіргеі төккен күйісің Диналардын.

Ғазиз болып қалатын бақи басы,
Қара өлеңнің қазықтай бұл қағидасы.
Сенен асып туатын ақын болмас,
Сен Абайсың қара өлеңнің падишахы.

Қайсақызы Таңнар

Абайға арнау

(Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына)

Бар қазаққа ізгілік жайған жаны,
Хакім Абай – өлең-жырдың пайғамбары.
Өзі сүйіп, сын айтқан әр қазақтың
Атағын аспандатты айдан әрі.

Жарқырап, нұр шашып тұр жолың дара,
Бойтұмардай – киелі сөзің сара.
Әлемде жасап жатқан бар қазақтың
Рухани атасы – өзің ғана.

Сүрінбей уақыттың ұршығынан,
Бізге жетті арайлы жыр шұғылаң.
Тағы бір Хакім Абай туса өзіндей –
Архивтерде жатпас ең ұзағынан!

Еркіндік еді жұрттың бар арманы,
Енді сол еркіндіктен алаңдады.
Бұл қазақ тәуелсіздік алғанымен –
Күншілдіктен бостандық ала алмады...

Кей істерді ойласам – келмейді ұйқым,
Түлкідей бұлаң қағып, еңкейді рухым.
Елдің де берекесін алып болды
Бас пайдаға құл болған өңкей қиқым.

Жанымның үсік шалды жапырағын...
Шындық бұл – оның несін жасырамын?!
Тура өзіндей айта алсам, арман бар ма –
Қайнаған заманымның запыранын!?

Мас болып, құр атақ пен жалған атқа,
Байқамай барып қалдық жар-қабакқа.
Көзіңнің ноғаласын ашып берер –
Бір Абай керек боп тұр бар қазаққа!

Жастықтың оты, қайдасың?

Жастықтың оты, қайдасың,
Жалындап жанған кездер-ай.
Білмеймін, мүмкін айдасың,
Жеткізбей жүрсің, сәулем-ай.

Рухымды біреу ұрлады,
Шабытым шытнап қирады.
Күш-жігер мүлдем қалмады,
Жастықтың оты, қайдасың?

Жоғалттым отты көздегі,
Алыстап кетті менен тым.
Сағындым жалын кездерді,
Сол кезден көрем жеңіс шын.

Аңсаймын жастық шағымды,
Құштарлық өртеп барады.
Еркіндік берді шабытты,
Іздеймін – келіп қалады.

Жас буын – ұрпақ көптеген,
Көшбасын дұрыс бағытта.
Тек жақсы тұлға көздеген –
Бұл өмір дұрыс бағытта.

Абай

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Мақтауменен жағыну – құр сөз ғана. анша
жырлар айтылар сені жақтап,
Ал менің бар айтарым – тек өз дара.

Сенің маған ұнайды парасатың,
Түрлі ұғым табамын сөздеріңнен.
Бір ауыз сөз әр күні – жаңаша үн,
Арналғандай сан түрлі кездеріме.

Маған сенің ұнайды жырларың да,
Жырларыңда рухани мән жасырың.
Жыр артына жасырған сырларыңды,
Керегін ал дейтіндей ал асылын.

Бәрінен де ұнайды қара сөзің,
Сол қара сөз – бір адам өміріндей.
Бұнда қояр ең басты талап – өзім,
Санамда емес, сақтаулы көңілімде.

Бұл ақылға ие боп көрінбедің,
Үш бәйтерек, Бес арыс арасынан.
Жүзге яки жүйеге бөлінбедің,
Жалғыз адам халқына жаны ашыған.

Ренжігендей боламын кейде саған,
Ойың ұшқыр болса да – еленбедің.
Көрінесің бар күшін кейде салған,
Саған керек сөз бе еді, өлең бе еді?

Қорлық па деп ойланам ұлы адамға,
Ренжу және сұм ойды жолықтыру...
Парасатын ұғынған тірі адамға –
Кемелдену, рухани толықтыру.

Ақанбай Жантөре

Қазуу, филология

Абайға

Тоғжаныңдай мен де ұзатып Шынарымды,
Білмей жүрмін қай Шүкмәнға ұнарымды.
Білмей отырм не жыр саған арнарымды,
Білмей жатып қай жеріңді сынарымды.

Хақым жоқ бірақ, белгілі сынамасым,
Жырыңа толып атыла ма мына басым.
Кемеліңе жетпей жатып уақытынан,
Қурай ма екем суарған жыр ағашым.

Сұр түске ғұмырымды бермей күнім,
Белгілі енді қайта тіріліп келмейтінің.
Қанша ғасыр өтеді, ағар жылдар,
Білем бірақ жырыңның өлмейтінін.

Шыңғыстаудан сұңқылдаған қыран құсым,
Қаламгердің әлхамында ұранбысың?!
Әр қазақ білуі тиіс әр сөзінді,
Жатталардай бұл елге құранбысың?!

Жырдың мұзын қаламмен ойғандары,
Қазақтардың есіміңді жайған бәрі.
Таудай Абай, еңселі есіл бабам,
Сен емес пе ең философия пайғамбары?!

Нұржол Жұманәлі

Әл-Фараби университетінің студенті.

АБАЙ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Ырғызбай бабаң көреген,
Құнанбай өткір жебеден.
Өрелі, зерек Абайым,
Тарадың Ұлжан, Зереден.

Заманның биік-заңғары,
Әулетің текті, ордалы.
Абайдай асқақ болса ғой,
Адамның шіркін арманы.

Жидебай мәңгі мекенің,
Өлеңмен парыз өтедің.
Шыңғыстау сізді түлетсе,
Өкпеті – Менің от елім !

Білімнің жақтың жарығын,
Тереңге тартты тамырың.
Қара сөзіңмен байыттың,
Көркем мінез мамырың.

Мыңмен де жалғыз алыстың,
Желмен де жүйрік жарыстың.
Мың жылдықтарға жүк болар
Мұраңмен жиі табыстым.

Жол салып берген талайға,
Жырлары бізге, жан айна.
Алаштың абзал ұрпағы,
Абай болайық Абайға!

Хакім Абай

Ақын қалай тыншиды шатынамай,
Өлеңдері тұр әлі шашып арай.
Қазағымның ойшылы, бас ақыны,
Халық ұлы, перзенті – Хакім Абай.

Бөлек болды әрқашан жолы маған,
Айтуынша білімсіз өмір қараң
Абайдай қазағымда аз екен ғой,
Ақыл-ойы жетіскен толық адам.

Абай мұра, байлық қой байқағанға,
Абайды оқып, өсемін, жайқалам да.
Мол мұрасы тұрғанда бізге жетіп,
Мен Абайды өлді деп айта алам ба?

Қазақтың абыройын Абай хакім,
Мәшһүр еткен, естірткен талайға атын.
Қазақ үшін сан қилы замандарда ,
Жасқанбаған, көрсеткен бар айбатын.

Қазағым деп қиналған шығар әбден,
Соқпақтармен көп жүріп бұралаңмен.
Абайдай ұлтын сүйген жан жоқ сірә,
Қара өлеңде қарадай сынағанмен.

Адам өтер өмірден өлмес өлең,
Абай тірі деп айтам ендеше мен.
Қазақ өсіп өнеді, көркейеді,
Абай сенген сондықтан менде сенем.

Жастықтың оты қайдасың?

Жастықтың оты қайдасың?
Алаулап бір сәт жанбасаң
Жетерсің ойлағаныңа
Бес асыл істен танбасаң

Мінез бен ар екеуін
Қатар ғып бірдей ұстасаң
Ақыл мен ғылым желкенін
Айырмай бірге жұптасаң

Азайтқың келсе күйбеңді
Білімге қарат бейнеңді
Ниетің қара болмасын
Абайша сүй сүйгенді

Қара сөз болсын қуатың
45 демнен тұратын
Азайса екен елімде
Көре алмай бірін қыратын

Текке өткізбей жастықты
Білімге қылшы мастықты
Лапылдайтын шағыңда
Құшақтап жатпа жастықты

Білсем, көрсем, үйренсем
Бес жаманнан жиренсең
Озарсың егер сананды
Жүрекке келіп билетсең

Кетігін тапса жан ғажап
Арамдық пиғыл жанға жат
Абай болайық бәледен
Абай болайық әр қазақ

Мақан Мәди Дастанұлы

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті*

Абайға

Тар заман тұмша түссе маңайыма,
Өлеңмен ой оятқан Абай ғана.
Абайды оқы, ерінбе жас қаламгер,
Өсек сөзбен өнерді қаралама.

Шын сөйлеткен сөздердің, қадамын нық,
Сенде Абайдай әлемді қақ жарып шық.
Абай рухын көтерген әр қазақтың,
Сенде көрсет Абайдай өр танымдық.

Қайманасы қайыспай қара сөздің,
Сөйлет сөзді, орнымен тауып теңін.
Тартылмаған дәм, тұзы мұрасының,
Ұлт жыршысы Абайдай алыпты ердің.

Ұрпақ үшін еңбектеп тізген мұра,
Ұлықтамау ұлыны үлкен күнә.
Ей, ақындар! Түсірмеңдер төменге.
Төрде тұрған Абайды да абайла.

Өйткені онда,
Абай жаққан сәулелер бар сөнбейтін.
Жұрт үлгі еткен насихат бар өлмейтін,

Өйткені онда,
Ұлы Абайдың тағдыры бар оюлы,
Еш қазақтың түсінеде кірмейтін.

Айтқан сөзі Ұлы Абайдың көкте нұр,
Абай жыры, дертке дауа, мұңға сыр.
Өлмейді Абай туылған ол мәңгіге,
Жасайды әлі өр тұлғасы сан ғасыр.

Жастықтың оты, қайдасың?

Мен бүгін Абай жайлы толғамасам,
Көк тиын ақындықтың құны маған.
Жастығымның жалыны Абайменен,
Жыр боп тұнып, маздайды мұңым алаң.

Ақынның ой санасы – шабыт деген,
Шабыттанса жазады жақұт өлең.
«Болмасаң да ұқсап бақ» деген Абай,
Ұқсап баққан қызыңмын Бақыт деген!

Абай туған өлкеден түлеп ұштым,
Семейім – төрім еді, жүрек құштым.
Мектебім де есіміңмен өрнектеліп,
Жазған жырым сол рухпен қанаттап өстім.

Балғын жастан жырменен дос болғанмын,
Мүшәйрада тербелткен жас арманым.
Абай сөзі – алғашқы шабытым боп,
Сол жарықпен ашылды ақ таңдарым.

Алатауға жол бастады армандарым,
Абай дейтін ардақты ордам – барым.
Университет төрінде сенің елің,
Жетелейді үнемі парасаттың жарын.

Жастықтың оты – жүректе, лапылдаған,
Ақын болу – арманым, жарқылдаған.
Сенің сөзің – серігім, рухым менің,
Жырларымда бейнең тұр жарқыраған.

Сен салған жол – мен үшін мәңгі соқпақ
Көкіректе жанып тұр шырақ боп нақ.
Жанымды сен үйреттің сөзге адал,
Жастығымды жырлаттың Абай аттап.

Қаламым – қайрат, кеудемде жалын, сенен,
Сенің үнің жетелейді тереңде мені.
Жастардың атынан үн қатамын:
«Жастықтың оты – мендегі өлеңде енді!»

Ұлы Абайға арнау!

Сен дарасың данасың қазақ үшін
Алты алаштың абыройы ажарысың
Өзінді үлгі тұтқан бала ақын
Саған ұқсап жырларын жазады шын

Қайсар ел қазағымның дара шыңы
Ұлы тұлға ұлтымның жан ашыры
Қараңғы жүректерге ой саларлық
Қандай сөздер қалдырды дана сыры

Тізіп жаздың қасиетін адамдықтың
Қас жауыда өзін едің надантықтың
Абай деген кім десе айтар едім
Символы ол мен үшін адалдықтың

Бар сиқырын жырладың махаббатың
Қара сөзің шашып тұр шапағатын
Бір өкініш бір арман қазір менде
Өттең тірі болсаң ғой бата алатын

Бағы болып елімнің жаратылды
Құрмет тұтар пірісің бар ақынның
Абай атам үлкен бір қыран болса
Қауырсыны болар едім қанатының

Ақын Абай шындықты жасырғанба
Адалдықты артық көрген асылданда
Абай деген ұлы есім жалғасады
Сан мың жылдар алапат ғасырларға

«Жүрегінен жыр жазған»
(Хәкім Абайға арнау)

Алпауыт сезімдердің шерткен сырын,
Жеткізген шеберлік пен жүрек мұның.
Лаулаған жалын жүрек кеудесінде,
Толқыған, ақындықтың білмей құнын.

Сендік жырлар ұқсамайды өзгесіне,
Бұл белгіні ақын жүрек сезбесін бе?!
Сен төзген, сыңға толы бұл тағдырға,
Кім кепіл, өзгелердің төзбесіне?

Ұқсамайды ешкімге сендік бейне,
Жыр жазамын еліктеп саған кейде.
Хәкім Абай өлеңі аңыз болған –
Өшірілмес жүректен енді мүлдем.

Мәшһүр болған есімі – дара тұлға,
есіЕн таңдаулы жазушылар санатында.
Ойшыл ақын, жыр жазған жүрегінен,
Ақиқат һәм сезімнің қанатында.

Заманында лайық баға ала алмады,
Жер қойнына кіргенде тек бағалады.
Тәңірдің таңдайынан төгілгендей,
Кіршіксіз жыр-дастанын саралады.

Бірақ, Алаш ардақтысы берілмеді,
“Қара өлең мен менің жаным егіз”, – деді.
Жүз сексен жыл болыпты ұлы ақынның,
Көкірекке жыр сәулесін еңгізгелі.

Құйғыттың қара сөздің құлагерін,
Жаухардай сөз маржанын құрап едің.
Селдеттің өлеңіңмен күллі әлемді,
Пір тұтып, мақтан тұтар мына елің.

Кемел жолға бастайтын жол іздеген,
Халқы үшін, үмітін еш үзбеген.
«Қалың елім, қазағым, қайраным...» – деп,
Тебіренген, көңілі мың күздеген.

Ақын болу арманы ғой талайдың,
Шүкір етіп, әр кез биік қараймын.
Кім ойлаған – Абай сүйер шәкіртін,
“Студенті болдалы” деп Абайдың?!

Ұқсап баққым келеді өзіңізге,
Жанға майлы, жағымды сөзіңізге.
Сіздік шабыт тербеген жүректерді,
Ұлықтайық шығарып төрімізге.

Қалып кетті, ақын көңіл мін еткен,
Көңілімді талай жандар кірлеткен.
Ізін қуып, дана Абай атамның,
Іздейін мен шабытымды жүректен.

Жастықтың оты, қайдасың?

Іздеп сені әрлі-берлі мен шаршадым.
Сағыныш сайрап жатқан түнгі аспаннан,
Сол отты көрем бе деп жалтақтадым.
Қайдасың, отым? Кеудемде тірісің бе?
Әлде күлге оралған, жанып кеткен сезімсің бе?
Өмірге деген құштарлығым, арманым, үмітімді
Белгісіз бір уақытта отыңмен күйдірдің бе?...

Есінде ме алғашқы жеңісім –
Ішімде алай-дүлей жанып тұрдым.
Сол сәтте бақыт менің алақанымда,
Ал қалғандарын жай ғана ермек қылдым.

Көздерім басқаша жанды, қазіргіден өзгеше,
Күлкім де ашық еді, алаңсыз, ерекше.
Білесің бе, мен шын ұштым сол шақта
Арманмен, сеніммен әлемді басып өтем деп.
Отым өшті, білмедім бұны неге
Күшім жоқ, құштарлығым кеттіме не?

Бірақ... бір күні от қайта тұтанғандай болды,
Жаным дір етті – бір сәуле жан-жағымда
жанып тұрды.

Көңілге қайта үміт кіріп, көз жасымды сұрттім,
Надандықтан шешіп еді талай шынжыр.

Орын таппай баптанба ! Деп өлең жазды,
“Білім ал” деп арнады талай үшін жыр.

Сен айтқан әділеттілік – бар ма сірә?
Сен іздеген шындық сонда қазірде, жоқ па?
Бұл неткен әлем болғаны
180 жылда ешкім сөздерінді ұға алмаса

Абай-сыншы, Ағартушы, Абай – Мұра,
Қуыс кеуде қуарып қарайды ма?
Жарамсыз хәлге келген жүрегінді,
Жырын оқып емделгін жарайды ма!?

Абай-жалғыз, Философ, Абай – дара.
Өлең сөзі таралаған шарайнаға.
Қара көз бұт қазаққа жол көрсетті,
Сөзін оқып кемелденді талай бала.

«Ұлы Абай»

Абай – ұлы, халқы сүйген кемеңгер,
Өмірі – шын, сөзі терең, өнеге ер.
Қара сөзбен жандарына жарық боп,
Жол сілтеді қараңғылық түндерге ел.

Абай – дара, ойы теңіз, көк мұхит,
Әрбір жыры жүректерге от тұндырып.
Ғасырлардан асып келген үнімен,
Сан ұрпаққа жол салады ақ үміт.

Ұлылығы – ой мен сөздің ұштасуы,
Шындықпенен, әділдікпен ұласуы.
Қара өлеңнің құдіретін тірілтіп,
Саналарды серпілтеді құлағуы.

Ұлылығы – елдің еркін аңсауы,
Қоғамдағы кемшілікті тамсауы.
Жетіл дейтін жастарына үн қатып,
Толық адам бейнесін де жырлауы.

Ұлылығы – уақытпенен санаспай,
Хақ пен ақты айырмастан таласпай.
Ақыл, ғылым, ар-ұятты ту етіп,
Ұрпағына жол көрсетті адаспай.

Абай – ұлы, сөзі мәңгі жасайды,
Жүрекке нұр, санаға сыр қосайды.
Ол бар кезде қазақ тілі тірі боп,
Рухым биік, болмысым да асайды.

**Абай рухы –
ұлттың шамшырағы**

Қара сөздің қайнары, дана Абай,
Өсиетің – өрнектеген санаға бай.
Халық үміт, елдік рух көтергенің,
Мәңгі өшпес, жүректерде қалаң аман.

Қара өлеңнің күдіретін ұқтырғансың,
Жырмен елдің жанын оятып тұрдыңсың.
Білім ізде, еңбек ет деп шақырып,
Ғылым жолын нұрлы қылып құп қылғансың.

Өзің айтқан «адам бол» деп ұрандап,
Жақсы істің жолын көрсеттің нұрландырып.
Жалған дүние – өткінші деп сабырлы,
Ақылменен шеш деп сырды ұғындырып.

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен деген,
Ұлы сөздің мәңгілікке тіккен негізін.
Қайран Абай – ұлтына ұран айтқан,
Жарық қылып жүрекке үміт жүгін.

Өзің берген асыл ойлар шырағы,
Білім іздеп, болашаққа құрады.
Ұрпақтарың сенің сөзің жаттайды,
Өсиетің әр жүрекке ұялады.

Елге жанашырлықпен жол аштың,
Теңдік, әділет жолын жырладың.
Тәлім алып сенің нұрлы өлеңіңнен,
Келер ұрпақ сенің жолыңды қуалады.

Қара сөздің асылын сен жазып ең,
Халық рухын биік шыңға қондырып ең.
Тілегіміз – Абай мұрасын ардақтап,
Жаңғыртумен жүрегімізде сақтап ең.

Дара тұлға – қазақ рухы асылы,
Абай сөзі – ақылдың ұлы қазынасы.
Жырыңменен санамызды ояттың,
Мәңгі жасар жүректегі жарығың.

Абай Құнанбаевқа арнау

Абай ата мәңгі дана дарасың,
Көркем мінезді, ақылгөйсін данасың.
Өр тұлғалы, қасиетті есімін,
Ұрпағыңа мәңгілікке таралсын.

Абай ата ұлы жолды жалғаған,
Жыр мен сөзі назардан тыс қалмаған.
Талап, еңбек, терең ойды мақсат қып,
Болашаққа мұра қылып жырлаған.

Абай-ойшыл, пір тұтатын бір тұлғам,
Ақыл-ойы бойынан озық тұрған.
Қазағымның қадірлі мақтанышы,
Өлеңдері намысты бермес қолдан.

Абай – ұлы, Абай-дана қазақта,
Пір тұтпаған ұлы Абайды қазақ па?
Бар әлемге қазақ елін танытқан,
Абайдан асқан ұлы адам жоқ қазақта.

Абай ақын атың мәлім әлемге,
Бір ерекше дара жансың әлемде.
Азаматты жақсылыққа шақырып,
Ойшылдықпен танылдың бар әлемге.

Есімің бар ҚазҰПУ-ға берілген,
Болмысың мен үлгі-өнегең көрінген.
Бас ордаңнан білім алған шәкірттер,
Мақтан етіп өр рухыңды сезінген.

Өр жас ұрпақ ақыл алар сөзіңнен,
Данышпандық даритындай өзіңнен.
Болашаққа қадам басқан жас ұрпақ,
Мақтан етер рухы биік сезіммен!

Абай-ақын атың мәлім әлемге,
Іліміңе бойынсұнған әр пенде.
Өнер-білім үйренуге шақырып,
Білім-теңіз мектеп атты кемеге.

Даналықпен ойыма ақыл кұйдың,
Ақылыңнан санама арман түйдім.
Айтқан әрбір асыл сөзің рух береді,
Жүрегіме жылы рай, шырай жидым.

Жарқыраған алаудай ұрпағыңа,
Ұлы жолың жалғасып бара жатыр.
Тоқтамайтын сарқырап дариядай,
Мәңгілікке тарихқа бойлап жатыр.

Болашаққа үндеу

Адам бол деп Абай бабам айтқан,
Ақыл, ғылым – нұрлы жолға байтақ.
Өтірікпен өмірінді былғама,
Ар мен ұят – шын адамның айна-ақ.

Жас күніннен ізден білім, талап қыл,
Жан шырағың – әділет пен таза пыл.
Қараңғылық құрсауынан шығады,
Тек еңбекпен жарық болар мынау қыр.

Қанағат пен рақым – қос қанатың,
Ынсап, ұят – рухыңның шамшырағың.
Бас көкке емес, көкірекке нұр ізде,
Сол жолдасың болар нағыз ақиқатым.

Бос мақтанға ерме, шындықты ізде,
Жүрек сөзі тұрсын әрбір сөздің іргесінде.
Абай айтқан хакімдікке жетем десен,
Тұт шындықты өмірлік сен негізге.

Ақылды бол , талап қыл қылған ісіне
Өзіңе емес , өзіңе бір іс болар
Арды ойла , өзіңді сатпа өзгеге.
Өзгемен емес, өзіңмен күрес өлгенше

**Абай Құнанбайұлының
180 жылдығына арнау**

Абай барда асқақ ойдан жаңылман,
Сөзі – темір, әміріндей жазылман.
Қара сөзбен жазған шындық өлеңі –
Бүгінгіге бағдар беріп танымнан.

Қара өленде қайрат жатыр өр мінез,
Ұрпағына үлгі болар өнегес.
“Тән – құм, жан – бақ” деп соққан жүрегің –
Ақиқаттың алдаспаны ел білмес.

Қараңғылық көшін кейін бұрғыздың,
Қара үңгірден жарық жаққа жүргіздің.
Қазақ дейтін халық бүгін тірі егер –
Сендей ойдың шырағданын білгесін.

Өлең емес – өмір еді әр сөзің,
Көңілге от, көкірекке нәр сөзің.
Абай деген – қазақ деген ұғыммен,
Өшпестей боп ұйысыпты әр кезің.

Сенсіз бізге таныс болмас тереңдік,
Санамызға сәуле құйдың, кең өрдік.
Ұлылықты іздегенде халқымыз –
Абай жаққан шырағданнан нелердік.

Сен салған жол – сабыр менен парасат,
Бойға сіңіп, жанымызды жарасап.
Болашақтың биігіне шығамыз –
Сендік сөзді үлгі еткен әр қазақ.



ҚАЗАҚТЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАР БІРТУАР

Қазақтың қамын ойлаған,
Халыққа жолдау жолдаған,
Шын жанашыр ғұлама –
Ибраһим ақын туылған.

Он үш жас – отау иесі,
Абай – сөздің тікесі.
Жиырма жұлдыз толғанда,
Шешендіктің егесі.

Жастайынан ел билеп,
Балалықтан бас тартқан.
Халқын ойлап жүргенде,
Перзентінен айырған.

Тағдырдың таукыметі терең болар,
Ақыл мен зерделіктің құны шығар.
Ел ішінде ықыластан бөлінген,
Жалғыздығын Абайдың сезбеді олар.

Адамды адам қылар – ақылы,
Дін де керек, дәстүрлер де – барлығы.
Шірітеді осы тұста бір-ақ нәрсе –
Надандықтың сонау қалған қалдығы.

Көзі соқыр қор қылып,
Надандық оған жол болып,
Зар заманда басталды,
Үсті-үстіне жүк толып.

Халқынан да қайыр жоқ,
Арқа сүйер бауыр жоқ.
Артын қуып ілескен,
Қолдайтұғын шәкірт жоқ.

Қарамастан бұл қайғы,
Қарсы жүрер жол жайды.
Ағысқа кері жүріп-ақ,
Болашақ бізге ой салды.

АБАЙ ДАРА АБАЙ ДАНА-ҚАЗАҚТА

Қара сөзден қайнар алған тереңім,
Қара өлеңмен өрнектелген өренің.
Қараңғылық түнек жапса жолымды,
Нұрмен жаққан ертеңім де – сен едің.

Сөзің – шырақ, сөнбес жарық мәңгілік,
Ақыл менен ғылымың бар сандық ұлт.
Қараң қалған жүректерге жол аштың,
Қазақ үшін есімінде жаңғырық.

Өлең емес – өмір берген әр жолын,
Тереңінде тұнған елдің ар-мұңын.
Адасқанға шырақ болдың түнекке,
Артық көрдің өміріңнен жан құнын.

Қараңғыны жарық қылған шам едің,
Шындықпенен шымырлатқан әр елің.
Бүгінгіге – бағыт етіп жолыңды,
Сенің сөзің шет елдерде дәлелің.

Ұрпақ келер, жаңа ғасыр жаңғырар,
Сенің жырың – болашақты таңқылар.
Абай сөзі – мәңгі көктем, мәңгі ән,
Қазақ деген – Абайымен жаңғырар!

Жас өренге бағыт берген ақ кедем,
Ғасырлардан өтіп жеткен жатты өлең.
Асыл оймен суарылған әр шумақ
Мың кітаптан,құндырақ бір хат дер ем.

Қарнық Қарақат Еркінқызы

Абай дара, Абай дана қазақта

Абай – асыл ақиқаттың айнасы,
Сөзі – елдің өріс тапқан қайнасы.
Көп тұлпар кер заманмен жарысса да,
Кемеңгермен тең келер кім таласы?

Абай – дара ақындықтың болмысы,
Қара сөзі – нақыл сөздің құндысы.
Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда,
Абайға жетер екен кім осы?

Тұла бойым тулап бүгін тасуда,
Абай атам – асқар таудың басында.
Кеудемдегі күй тілім күмбірленіп,
Жырым сен деп шалқып кетті асуға.

Намыс беріп, рухы сөнген қазаққа,
Абай – ұлы, Абай – дана қазақта.
Қара сөзін Абайдың сен білмесең,
Сонда ғана түсерсің сен мазаққа.

Шыңғыс таудың төрінде ақын жыры,
Алла берген – қазақтың жақұт нұры.
Бейғам пенде мән ұқпай өтсе егер,
Абай сөзі – жоғалған ардың мұңы.

Зымырайды, өтеді өмір жылғи,
Бірақ жырың өшпейді ойымда ылғи.
Ойыңа түй әр сөзін, тағылым көр,
Бірақ соқыр адамға бәрі бірдей.

Бес нәрсеге асық бол деп жырлады,
Бес нәрседен қашық қып, ол қорғады.
Қазағымда Абайдай тұлға тұрса,
Өшпей тұғын өр рухтың бір қорғаны.



Шабыт иесі

Шабыт шауып барады таудан асып,
Құзар шыңға, қияға қонып қашып.
Сен де сол бір тұлпардай тағыланып,
Өлең жауын күткенсің жадыра ашық

Жел тербеген жас талдай жан сырларың,
Көз ұшында көксеуің – қарлы шыңың.
Табиғаттың өзінен сөзді тердің,
Қүдіреттің өзіндей қалқып мұңың.

Жылқыдай боп жусайды жырларың да,
Құлын-шағың қомданып қырға шығар.
Түнгі самал тербеген тау қойнында,
Сыр айтады көлеңке – тылсым қылар.

Ақ шомылып ай туса шындықтарға,
Өлеңің де жарығын төгер алғырларға.
Қара өлеңнің киесін кие қылып,
Тылсым сырды шерттің сен қалың қарға.

Күллі дала күрсінді үнсіз ғана,
Сен тыңдадың – тау мен тас жырласа да.
Құмға сіңген іздерің мәңгі-бақи,
Желмен бірге жетеді ғұмырларға.

Көштің жолы бұралаң, белі қия,
Сөздің жүгі – сарғайған зер кітапта.
Атың қалған арман боп әр жүректе,
Білім үшін арнадың күніңді, апта.

Құбылмалы тірлікте мұң мен үміт,
Табиғаттың тілінде қалды сыры.
Жырларыңнан тыңдаймын самал дауыс,
Құзар шыңнан төгілген жанның жыры.

Жылқы болып шабыттар жайылып жүр,
Тау бөктерін сағалап танды күтер.
Сенің жырың – жанартау от боп атқан,
Құлазыған жүрекке демеу берер.

Көзім көрмей кетсе де боз даланы,
Көкірегімнен таптым мен ұлы Абайды.
Сендік сөзден шөлдеген жанға шипа,
Сендік жан мұң жұбатар жан талайды.

Алашымның аспанын жарық қылған,
Өлеңдерің өрілген сан мың қырдан.
Қара сөздің киесі, рухы болып,
Қазақ болып қаламыз сендік сырдан.



ҮШІНШІ БӨЛІМ

«Абай әлеміне саяхат»

*(Мектеп оқушылары –
7–11 сынып жас ақындары)*





Абайға арнау

Ырысы ұзақ тұрмас сараң байдың,
Деп айтқан түсіне ме Абайды әркім.
Қара өлеңнің қынынан қылыш алып,
Жүгінде көтерді ғой талай нардың.

Желікпеймін, желмеймін жыр арнаймын,
Баба сөзін қалайша тұмандаймын?
Басымыздан бұлт арылмай кетермеді,
Баласы болмағанда Құнанбайдың.

Көрмесем деп қазақтың қанды жасын,
Жүрегінен тудырған әр мұрасын.
Тауық алса досынан дәстүрменен,
Қазбен майлап жіберген қанжығасын.

Үлгі аламын Абайдың өлеңінен,
Ақыл-ойды қозғаған тереңінен.
Махаббатпен жаратқан адамзат деп,
Даналықтың бәрін де көре білген.

Абай дана қазақта,
Абай дара.
Абай дана болмаса, бағалай ма?
Адамзатты сүйікті бауырым деп,
Құшағына сыйды екен қалай ғана!

Растығын Алланың мойындаған,
Имандылық жолында мойымаған.
Жастарға үлгі-өнеге болсын деген,
Ақынының қымбат байлы – ойы маған.

Қара сөздің шебері – Абай бабам,
Данышпанға бас иіп қарайды адам.
Өлең сөздің сұлуын салып кеткен,
Абай шыңы биік тұр арайлаған.

Қазақтың көп жасамыс жас ақынын,
Өлең-жырда мерейі тасатынын.
Өшпейтіндей артында сөз қалдырған,
Абай ғана – қазақтың бас ақыны.

Абай ата – жүрегімнің айнасы

Абай ата – данасы қазақ елдің,
Жырыңменен ояттың талай ерді.
Қара сөзің – ақыл мен тәрбие,
Жол көрсетіп, жүрекке сәуле бердің.

Әрбір өлең – ой салар, терең екен,
Тек жаттап емес, түсіну керек екен.
Көп ойларға жетелейді әр шумағың,
Сол сөздерге сүйеніп келемін мен.

Қарапайым қыз болсам да кішкентай,
Үмітім бар, жүрегімде оты бар.
Ақын болып, өнерімді ұсынсам деп,
Нұрсаядай қызың болсам деп тұрады ар.

Ұлы Хәкімге тағзым

Қазағымның қасиетті елінде,
Қызыр шалған ұлан байтақ, жерінде.
Нұрын төгіп, маздап жанды бір шырақ,
Шыңғыс таудың бой көтеріп төрінде.

Жақсылықты ала келген өзімен,
Сая болған бар қазаққа сөзімен.
Әжесінің тәліміне малынып,
Зерек болды нұр төгіліп көзінен.

Әділдік пен адалдықты дос көрді.
Ынтымағын ағайынның хош көрді.
Араласып ел басқару ісіне,
Әкесінің ақылымен өскенді.

Кені болған ақылменен нақылдың,
Кешегі өткен ұлы ойшыл хәкімнің,
Бас ақынның суретімен сырласып,
Өлең жазып, ойға батып отырмын.

Ат шаптырып, аламанға қосатын,
Ұлы Абайдай жазбас енді еш ақын.
Әрбір сөзі ой-санаңа дөп түсіп,
Сарайың мен жүрек көзін ашатын.

Сөз маржанын тізбектеген зергерім
Өлең-сөздің салып кеттің өрнегін.
Мыңмен жалғыз арпалысып өтсең де,
Ар-намыстың аппақ туын бермедің.

Қара сөздің қазынасы сен едің.
Іздеушіге жол сілтейді өлеңің
Тынық мұхит секілді ғой көлемің
Тереңіңе жете алмай келемін.

Абай сөзі – мәңгі шырақ жанатын
Қанша оқысаң таусылмайды-ау тағатың.
Дүниеден жапа шеккен жан болса,
Өз жауабын тек Абайдан табатын!

Абай – халықтың мәңгі шам-шырағы

Абай – халықтың мәңгі шам-шырағы,
Өсиеті өшпес, ақылдың жан шуағы.
Ұрпақтарды рұхпеннен сусындатқан
Парасат пен асыл ойдың тұрағы.

Туған елдің таңын ашқан түнектен,
Сөзбен нұр боп, шам жақтың сен жүректен.
Қара сөздің қасиетін мәңгі еттің,
Ақыл қосып әрбір ойға білекпен.

Қараңғылық қаптағанда сананы,
Ояттың сен ұйықтап жатқан даланы
Жырмен тіктің болашақтың іргесін,
Сөнбейтұғын шырақ қылдың сананы.

Текті ойың – терең теңіз, асыл нұр,
Жырың жетер жүректерге ғасыр жүр.
Туралықтың туын ұстап жоғалтпай,
Сен ашқан жол халқың үшін асыл жол

Сан ғасырдың самалындай үн болып,
Ақиқатқа жол аштың сен мың жолдық.
Сөзің – шырақ, жүрекке от жағатын,
Түнек кезген елге, сәуле күн болып

Еркін ойды өрге бастап өрледің,
Жүрекке ар мен иманды бөледің.
Даласында даландардың дір етіп,
Ұйқыдағы саналарды тербедің.

Абай дана, ұлттың ойы тереңі,
Жырларында сан ғаламның дерегі.
Қазақ топырағынан шығып биікке,
Адамзаттың арын жаққан ер еді.

Сөзі алтын, ұрпақтарға мұра боп,
Сан ғасырға жеткен үнмен жыр ағып.
«Адам бол!» деп арды ту ғып көтерген,
Әлем тілін танытатын жыры анық.

Абай дара, жүрекпенен сезілер,
Әрбір сөзі әлемдерге кезілер.
Қазақтың да, күллі елдің де бағасы,
Мәңгі биік, мәңгі төрде көрінер.

Абай туған ақ таң атып көктемде,
Текті сөзбен түрен салған тектен де.
Қазақ қана емес, күллі адамзат,
Жырыңды дамытардай бөктерге .

Шындық үшін шынар сынды шайқалды,
Білім үшін мың жүрекпен байқалды.
Абай – бізден, бірақ түгел әлемге,
Адам атты ұлы жолды қайтарды.

Ұлы ойшыл, ұлы ақын, Абай дана,
Жырларынан рух алады талай бала.
Біздерге мұра қылған “Абай жолын”,
Мұхтарды ұмытамыз қалай ғана?!

Сен биіксің әлемнің аспанында,
Ғасыр өтіп кетіпті ау қас қағымда.
Ойып тұрып жазылған әр өлеңің,
Жерде жатқан жер ананың тастарында.



Абдиразакова Құндыз Маратқызы

Асыл ойдың алыбы – Абай дана

Ұлы ақын шешендікке жақын болған,
Өр рухты ізгі сенің атың қорған.
Абай, Ахмет, Ілиястай бабаларым
Қазақтың атын шығарған ақын болған.

Ұстаз, ақын, қара сөздің Құлагері,
Қалдырды ізінен мұрагерді,
Ойға қанат сезімге нәр беретін
Асқақтап атың бүгін шыға келді.

Асыл ойдың алыбы – Абай дана,
Жүректерді тербеген ақын дара.
Өлеңді жазбаған ермек үшін
Деп танылған тарихта Абай ғана.

Өнер өрінде бәйге шауып ала алмас,
Елеулі туындысын қайта ешкім сала алмас.
Жаста білген, басқа сіңген тәлімің
Өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас.

Абай ақын орның қалды, сөзің қалды
Енді сендей ер тумас үнің қалды.
Өр тұлғандай асқақтайды өлеңінде
Елім деп елеңдеген сенім қалды.

Қаламыңнан төгілген әр сөз-шынар,
Ар-намысты биіктеткен дара шың бар.
Абайдай ұлы есім мәңгі жасап,
Жырларыңнан қуат алған далам тұмар.

Арын Айғаным Жарасқызы

**Абай дара,
Абай дана қазақта**

Ұлы Ақын, бас иеміз, сенің асқар
жырларыңның алдында,
Бүкіл әлем мойындаған өзі дастан, нар тұлға.
Халқымыздың мақтанышы, алыптықтың
шыңысың
Сенің – сөзің, сенің – жырың тым қадірлі
жалпыға.

Сен айтпаған ой қалмапты халқымызда
байқадым,
Абайды оқы, Абайды біл, замандасым,
айтарым...

Кей сәттерде шаршағанда тарығып
Жырларыңды сенің оқып, қайтамын.

«Мыңмен жалғыз алыстым» деп толғандың,
Орындалмай қала берді арманың.
Опасыздық жасаған соң саған да
Қайтіп қана жыр қыламын қалғанын.

Ұлы баба! Даналықтың көзісің,
Мейірім менен сезімнің де өзісің.
Махаббат пен шын достықтың айнасы,
Қайрат пенен төзімің де бізге сын.

Қалың елің, қайран жұртың, тірегің,
Тек жақсылық, адамдықты тіледің.
Сенің әрбір сөздеріңнен нәр алып,
Жырларыңа басымды иіп жүремін.

Жарықшағың болу игі арманым,
Не боларын, құдай білсін, алдағым.
Ұрпағыңның үні естілер шаттана,
Риза болса, Ұлы ақын, аруағың...

ҰЛЫ ТҰЛҒА

Мен өзімді теңемеймін Абайға,
Жыр жазамын сол өрнектен алайда.
Жүректе рух, бойда қуат болған соң
Иман керек сол жүрекке қалайда.

Өлең жазам көп ойланып хакімге,
Құлақ түрмей дүниауы жат үнге.
Хакім жайлы өзімше бір толғанам,
Қардан құлап, жалғыз қалған сәтімде.

Ақыл айтса, құлақ түрем ақынға,
Жат ойым жоқ ақындардың хақында.
Біле-білсек ғалам зәру ақынға,
Бұл шындықты адал досым мақұлда.

Өлең арнау міндетімдей Абайға,
Жыры нәр боп жеткен еді талайға.
Қара сөзі емі болған мың дерттің,
Жетелеген әр адамды сан ойға.

Жер бетінде Абай ұлы кемеңгер,
Ұмытпандар әр бабаның өрендер.
Қуаттауда иманын мен ұятын,
Абайдан ақыл алған көп елдер.

Тынысбек Назым

Абай – мәңгілік сана

Қараша күн – сенің жұпар тынысың,
Жаздағы ән – сенің жырлы тынығысың.
Сенсіз қазақ ойының көкжиегі – тар,
Сен бар кезде – тереңдейді тынысым.

Қамшы сабындай қысқа тіршілік жолы,
Сен үйреттің: «Тек ақыл – шынның толы».
Көңіл көзімен қарау – ең биік таным,
Жалғанға да жарық берер болмысың молы.

Біз – сен салған соқпақпен жүреміз әлі,
Жолың – ұлттық рухтың шын мәні.
Абай, сен мәңгі тірісің әр кеудеде –
Жүрекпен қабылдаған әр бір әліп!

Поэзия патшасы

Сусындап саф кәусардан мен ішкен ем
Нәр алып тұма жырдан тегіс денем
Әуезовше айтқанда Абай деген
“Су іштім мол теңізден шөмішпенен”

Абай ақын жырлары өнеге еді
Қара сөздің қарагер, шебері еді
Өлеңнің өлшеміне баға беріп
“Өлең – сөздің патшасы” деген еді

Ақымақтан жеңілді, жарыспады
Биіктеу үшін бәлкім алыстады
Мыңмен жалғыз алысып кеткен жоқ па,
Поэзияның патшасы, арыстаны

Жетті жырың бұл күні ұрпағыңа
Еске алады қазағың шын сағына
Қазақтың бас ақыны деп қастерлеп
Шығарамыз сізді әркез жыр тағына.

Абай бабаға арнау

Кемеңгер сөзің – күндей нұр.
Таңқалам кейде: ұрпағың неге құдіретінді
білмей жүр?
Есіне де алмай ертеде өткен ел жанашырын
білдей бір,
Баба мұрасын бойына құнттап, құлағына да
ілмей жүр?

Жүрек сырына қанықпағасын,
Ақыл-қайратың бола тұрғанмен,
Бойыңа титтей “жақсылық” дейтін жарық
сәулені дарытпағасын,
Өзінді-өзің табу жолында,
Өзінді-өзің тану жолында
Басыңды бұрып қалайша бағыт табасың?
Кешегі анау Адамның жолын,
Бабаңның жолын
Батылың жетіп, сен қалай тауып барасың?

Мыңменен жалғыз алысқан мидың майдан
даласын,
“Жүрегінде түгі жоқтар мен бойында
адамшылықтың бірі жоқтар ойрандамасын!”
деп, егесіп өткен

Ұлының ер мінезіне таңдай қағасың.
“Осындай құрметке лайық тұлғаларыма қошемет
қардай борасын” деп, күллі әлем түгел бас
иер тұста:
Ұлы Ақынның бір де бір өлеңін білмейтін,
“Абай жолының” көлемін білмейтін –
“Қазақпын” деп жүрген қандастарыңа
қайран қаласың.

Қайран қалғаның соншалық, қарның ашады.
Қайнайды қаның, күйіп кетесің,
Кірерге тесік табылар болса –
Ойланып жатып әуре болмайсың,
Бас қойып лезде сыйып кетесің.
Айырмаң осы.
Туған еліңнің тұлғаларын сен бә-ә-рінен
биіктетесің.
Алайда, тумаластарыңды да қалайша қиып
кетесің?

...Мұны енді әркім санасына сай жан-жақтан
алып қарасын,
Түбінде уақыт өзі көрсетер, тауып бағасын.
Өмірдің, бәлкім, жай-жапсарын да танып қаласың
(Өмірден, бәлкім, керегінді де алып қаласың.)
... Санаулы мына ғұмырда, жаным,
Атағы мәшһүр алыптарыңмен шабыттанасың
және де... Өзіңнің ғана ақыл
ойыңмен анықталасың.

Абай Құнанбаевпен сырласу

Түн. Жатақханамда жалғыз шам жарқырайды.
Кеудемде сан ойлар ағындап, толқындайды.
Абайдың қара сөздерін оқығанымда –
Әр жолында жанымның бір түйіні тарқайды.

Кейде өзіңізбен іштей сырласып отырамын.
Қараңғы түнде қалт еткен шамға көз тігемін.
Сіз айтқан парасат жолдарын ой елегінен өткізіп,
Жастықтың албырт жүрегін сабырға
шақырамын.

Сіздің үнііз ғасырлар аттап жетеді құлағыма.
«Сөзді ұғар ел болғай!» деген тілек боп тұнады.
Қанша жыл өтсе де, әрбір ақылыңыз – асыл арна,
Бүгін де бағыт беріп, болашаққа жол салады.

Абай, мен сіздің мұраңызды арқалаған өренмін.
Жарығыңызды жаға білген шамшырағыңыз
дер емін.
Ұрпағына ұқтырмақ бар үнді жүрегіммен
құп алып,
Өмірімді өрнектеймін өзіңіз үйреткен өрнекпен.

Ұрпақ үнін тыңда

Абай, сенсіз бүгінгі ұрпақ жетілмес,
Сөзіңсіз сана таяз, жүрек – пәс.
Сен қалдырған асыл ойлар – ұлы қазына,
Біліммен ғана биіктей алар бұл ел – бес.

Біз бүгін де сенен іздейміз мән,
Сен айтқан «Толық адам» – керемет заң.
Ғылым мен әділет, жүрек пен ақыл,
Қалыптастырады жаңа тұлғадан таң.

Сен бүгінгі сананы да қалыптайсың,
Адасқанда шам боп жол бастап тұрсың.
Ұрпақ сені ақын емес, ұстаз дейтін –
Шындықтың жүзін бізге ашып тұрсың.

Ұлы Абай

Қара түн. Аспанда жалғыз жарық нұр,
Бағыт сілтеп, жолымды ап-айқын құр.
Түнек көрпе жамылған кең далама
Сол жұлдыздан төгілді мейір нұр.

Жалғыз жолаушымын далада түнеп,
Бағыт іздеп, бұлдырайды алыс сеп.
Кенет түнгі аспанға көз салғанда
Темірқазық тұр мені қол бұлғап, демеп.

Сіз екен деп сеземін сәуле нәрін,
Бабамның үніндей естимін әнін.
Ғасырлар бұрын туған жарық жұлдыз
Қараңғыда көрсеткен жолдың барын.

Жарқыра, мәңгі өлмес рухты Абай,
Жолымда тұр қолдаушы жарық Абай.
Темірқазығым болып тұрдың биік –
Бағыт бердіңіз, данасыз, ұлы Абай.

Абайым менің!

Ескерткішінің қасында тұрмын,
Мрамор мүсін – асыл тұлғаңыз.
Қолында кітабы, ойлы жанар,
Сенсіз дала – мүлгіген мұң...
Абайым менің!

Сөздерің сөйлеп тұрғандай анық,
Кеудеме құйдыңыз жаңа жарық.
Далаңыздың кешін тұндырып сырға,
Тұрамын тыңдап ұлы үн...
Абайым менің!

Жел соқса, жапырақ сыбдыры – әніңіз,
Сайраған құстар да сезеді мәнін.
Ұрпағыңыз мәңгілік жырлайды сізді,
Аңсаған арманым – бекер ме мұң?..
Абайым менің!

Ғасырдың биігінен қарайсыз бізге,
Елдігіңіз үйреткен өнеге бізге.
Қадамыңыз қалдырған даңғыл жолымен
Алқалап асамын әр бел, әр шың...
Абайым менің!

Дауренұлы Рамазан

Абай жырынан кейінгі әсер

Жазғытұрым – сіз суреттеген көктем келді.
Жер жұпарға, көңіл шуаққа бөленді.
Бүр жарған гүлдеріңізге қарап бой түзеймін,
Өлеңіңізге өзімше жаныммен еремін.

Жаздың самалын сеземін – мұнсыз һәм ерке.
Көк шалғын құлпырады, дүние тұнған өрнекке.
Сіздің “Жаз” жырыңыздағы кең әлем құшағында
Жұмыр жүрегім рахат таба тербелуде.

Сары ала жапырақ күз түссе, ойланып қалам.
Сіз суреттеп кеткен қайран күздің сап-сап әнін
салам.

Табиғат тағдырындай терең бір мұң сезіліп,
Көңілімде сағыныш сазы болып жазылам.

Ақ қырау қыстың күні шыныдай қарыштайды.
Қар жамылған далаңызды оқығанда жаным
қайрайды.

Сіз бояған қыстың суреті – қатаң сын секілді,
Ғұмырдың күресін түсіндірген дара бейнелі
қайрайды.

Өмірзақова Дания Бекболатқызы

Абай рухы

Көкіректе сайрадың – көне сырдай,
Күллі дүние тыңдады, сөзден нұр жай.
Қара сөзбен кеңіткен көкжиекті,
Тәңірінің өзі де тіл қатқандай.

Сөз төрінде сыр айттың тереңіне,
Жан үңіліп қарасын кемеліңе.
Көзбен емес, жүрекпен көру үшін
Қарау керек Абайдың әлеміне.

Ғасырлардан жаңғырып жетті үнің,
Жақұттайын жарқырат әр түнім.
Күллі қазақ бой түзейді өзіңе –
Ұлтымыздың рухының алтын тіні!

Жүректе жаңғыртасыз мәңгі нұрын

Махаббат жырларын төктіңіз жүрегімізге,
Сезімнің сырларын шертіңіз өлеңіңізде.
“Айттым сәлем, Қаламқас” әуеніңізбен тербетіп,
Ғашықтық отын жақтың келіп білегімізге.

Жастықтың махаббаты – пәк, мөлдір әлем,
Сол әлемді ән қылдыңыз керемет өлең.
Қара көз, асау жүрек лүпіліңізден нәр алып,
Сүйіспеншілік сырларын ұқтық терең.

Арман мен сезімге қанат бітірдіңіз жырыңызбен,
Көңілге қуаныш орнаттыңыз нұрлы сырыңызбен.
Бүгінгі жас ғашықтар да қолға өлеңіңізді алып,
Махаббат жаршысы деп сыйлайды құрметпен.

Өшпейді сезім жайлы жазған жырыңыз,
Әр сөзіңізден қуат алар нәзік үнім.
Абай, сіз үйреткен адалдықпен сүйеміз,
Жүректе жаңғыртасыз мәңгі нұрын.

Абай – қазақ рухының алтын діңгегі

Абай – қазақ рухының алтын діңгегі,
Шаша алмайды ешкім де оның үн-нәрі.
Қазағым деп қайғырып, елін сүйген
Жүрегіңізден жаралған өшпес жыр-дариясы.

Бас ақын деп бағыштады сізге ұлты,
Тебіrentті әр жүректі жырдың күдіреті.
Сана ашып, надандық пердесін сыпырып,
Ұлтқа жаңа дәуірдің көрсеттіңіз келбеті.

Туған жердің тұлғасысыз асқар биік,
Сіздің атыңыз айтылар әрқашан төрде
айбындық.
Ескерткіш боп еңсеңіз ел күзетіп тұр,
Мәңгі өшпес шамшырақтай тарихта жарық.

Ұрпағыңыз жалғайды қазақтың жолын,
Тарихтарға танытқан ұлыңыздың сырын.
Өлеңіңіз бен сөзіңізден қуат алып әр күн,
Еліңіз барда сөнбейді ешқашан нұрыңыз.

Абай ата

Қадірлі Абай ата,
Сізге хат жазғым келеді бүгін.
Бүгінгі заманның тынысын сезсеңіз,
Қандай ой айтар едіңіз деп үнемі толғанамын.

Университет аудиториясында сізді оқимыз,
Жүректен шыққан әр сөзіңізден от табамыз.
Ғылым-білімге құштарлық артта ма деп,
Сөздеріңізден жігер, қайрат аламыз.

Сіз көрсеткен адалдық жолы әлі бағыт,
Өзіме рухани тірек етемін әр уағыздарыңызды.
Бейтаныс замандастарыма да сізді үлгі етіп,
Адалдық пен парасатқа шақырғым келеді.

Хатыма соңында алғысымды арнаймын,
Адал шәкіртіңіз болып қалуға ант беремін.
Сіз аңсаған кемел қоғамды құруға атсалысып,
Атыңызды асқақ ұстаймыз – ұрпағыңыз
серт берсін.

Жидебай топырағы

Жидебай топырағы – киелі қоныс,
Бұл далада ұлы ақынның өшпес болмысы.
Сіз туған өңірдің әрбір тасында атыңыз жазулы,
Аңыз боп жүреді үніңіз – даламның мәңгі
тынысы.

Қарауылдың желі де сыбырайды сізді,
Семейдің өзені де жырлайды ізіңізді.
Туған жер төсінде марқаяды ұрпағыңыз,
Абай аты мәңгі, ұмытылмас қазақтың ізі.

Таулы жартаста жаңғырады үніңіз,
Шың-құздарда әлі күнге сезіледі мұңыңыз.
Жидебай аспаны астында жастар тәу етіп келеді,
Рухыңыздан қуат алып, жүректерге құйды
нұрыңыз.

Осы далада өткен бала күндеріңіздің ізі,
Қазіргі бізге сезіледі әр тасының сөзі.
Жидебайдың топырағы сөйлейді үнсіз,
Абай ата, елестейді бейнеңіз – көңілдің
көзінде өзі.

Барақова Аяулым Қадыржанқызы

Абай және Дала

Жел ескенде сары бел – өлеңіндей,
Құзға соққан күрең ой – себебіндей.
Сен сөйлеген сайын, тау да үн қатты,
Жырмен өскен даланың терегіндей.

Қыстың түнін ақын боп суреттедің,
Көктемді де күй қылып тербеттің.
Дала сенің дауысың секілді енді,
Аспан сенің жанарың – нұр сепкен.

Сары дала үнсіз тыңдайды әлі,
Түпсіз көкке толқытқан сырды бәрі.
Абай сөйлесе – табиғат тербеледі,
Ғасырлар өтсе де сол баяғы.

Абай аудармалары

Орыс ақындарын қазақша сөйлеттіңіз,
Лермонтов, Пушкинді өлең боп төктіңіз.
Еуропа үнін далаға жақындаттыңыз,
Ұлтыңыздың ой-көкжиегін кеңейттіңіз.

Тәржіманың үлгісін асқақ қалдырдыңыз,
Шет жұрттың сыр-сезімін халқына аңғарттыңыз.
Сөздің мәнін жоғалтпай, дәл жеткізіп,
Қазақтың тіл күшін әлемге таныттыңыз.

Шәкәрім, Мағауия жалғастырды жолыңызды,
Аударма арқылы ел ашты жаңа соныңызды.
Өзге жұрттың озық ойы сіңді санамызға,
Жаңарды қазақ рухы, өсті талабыңыз да.

Бүгінде де әлемге ашық тұр халқымыз,
Сол көпірдің негізін салғансыз, даңқымыз.
“Абайдың аудармасы” – дерекке айналды,
Мәдени байланысқа ұрпағыңыз құмар-құштар
қашан да.

Дүниеге ән боп тарадыңыз

Дүниеге ән боп тарадыңыз,
Көңілге күй боп орнадыңыз.
Даналық пен сазды қосып,
Жүректерге нұр қондырдыңыз.

“Көзімнің қарасы” – мәңгі әніміз,
Сол әннің әр сөзі – халықтың сәні, біз.
Домбыраның үнімен тербетіп жүректі,
Әуеніңіз әр қазақтың жанын әлдилеп,
әлі түз.

Ән мен жыр боп сөйлейсіз үнемі,
Сазды тербеп, сезімнің үні егіліп.
Ғасырға өтсе де өлмейді әуезіңіз,
Құлақтан кіріп, бойды алар әніңіз көңілді
тегілдетіп.

Консерватория төрінде шырқалады әніңіз,
Жас музыканттар үйренеді дәстүріңіздііз.
Шабыт бердіңіз әндеріңізбен ұрпаққа талай,
Абай мұрасы – ән-жырдың өлмес күші,
маздайды арай.

Абай және ғылым

Қара сөздеріңіз – жаққан шамшырақ сәуле,
Ондағы ойларыңыз – саф алтындай сәуле.
Заманауи технология қанша дамыса да,
Адамға қажет ақыл мен жүрек мәртебе.

Әлеуметтік желі, жылдам дәуір легі,
Сөзіңіз ұмытылмас – ойдың кемеңгер өзегі.
“Адам бол!” деген өнегеңіз – тура бағыт,
Жас ұрпақ санасында жаңғырар сіздің көзегі.

Компьютер мен телефон алмастырмас ұстазды,
Абайдың кітабы – сарқылмас бай қазнаны.
Жаңа заман баласы да парақтайды “Қара сөзді”,
Сонда табар жолдың жарығын, сөздің базарын.

Егер бүгін ортамызда жүрсеңіз,
Ғаламның халін көріп күрсінер ең, білсеміз.
“Ғылымды игер, еңбек қыл” дер едіңіз тағы да,
Біз сол насихатыңызды жалғап келеміз, оны
білгеміз.

Абай рухы

Түн қойнында жұлдыз жанып тұрғандай,
Абай сөзі – жүректерге тынбай жай.
Ғасыр асып жеткен үнге үңіліп,
Ар тазарып, сана тапты шыңдай жай.

Сан сұрақтың жауабы – сенің сөзің,
Өзіңді оқып ұғамыз елдік көзін.
Тал бесіктен жер бесікке дейінгі
Ғұмырымызға болдың сен өлмес көзім.

Көзін ашқан ұлтымның санасында,
Тұнып тұрсың тарихтың тамырында.
Өлеңіңмен, сөзіңмен, болмысыңмен
Ұлт ұлағаты – өзіңнің дарынында.

Кенжеханқызы Гауһар

Қара сөздер көшінде

Қара сөзге арнадың парасат биігін,
Шындықты шырақ етіп жандырдың түйінін.
Надандық, мақтан, өсек – бәрімен күресіп,
Ақиқат жолға тостың рухтың күйінін.

Сананы серпілттің, ұйықыдан ояттың,
Қара бұлт ішінде найзағай боп самғадың.
Өмірді ұққан – жүректен сезінген,
Сол үшін біздер өзіңді аңсадық.

Жаттадық әр сөзің – сүрлеу, соқпағымыз,
Жолыңмен жүріп, іздедік оң бағымыз.
Сен көрсеттің адамдық биікті,
Біз көрмеген көкжиегіміз – ол тағыңыз.

Ұлы Абай рухымен сырласу

Ұлы Абай әлемге даңқың асқан,
Қазақтың даласына шуақ шашқан.
Өнер менен білімді үйреттіңіз,
Қараңғы қазағымның көзін ашқан.

Қазақты жер жаһанға паш еттіңіз,
Халқымның даналығын көрсеттіңіз.
«Қалауын тауып қар жаққан» надандарға,
Дұрыс жолды көрсетіп, сыр шерттіңіз.

Асқақтайды есімің заңғар көкке,
Қалдырған мұраларың қалмас текке.
«Асықпай жүріп, анық басқан шәкірттерің»,
Өзіңді оқып, әрқашан алғы шепте.

Бізге үлгі даналыққа тұнған тұлғаң,
Сусындаттың маржан теріп сұлу жырдан.
Қазақтың маңдайына біткен жұлдыз,
Өзіңдей ақын бар деп мақтан тұтам.

Фэлсафалық ойларың – жанған шырақ,
Әр сөзіңді түсінем оқып ұзақ.
Аудармашы, ұлы ойшыл, дана Абай,
Өсиетің – таусылмайтын қайнар бұлақ.

Абай үні – «қалғыған тауда жаңғырып»,
Абай үні – «желсіз түнде ай болып»,
Санамызда мәңгі есте қалады,
«Қаламқасқа сәлем айтып, ән болып».

Абай үні жүректерге қонақтап,
«Толық адам болындар» деп сараптап,
Асыл сөзін мұра етіп қалдырды –
«Адал термен, еңбектеніп ақша тап».

Бүгінде елің ағылшын тілін меңгерген,
50 елмен теңестірді иығын.
«Баяғы жартас», өзіңіз айтқан, өзгерген,
Экспоға қойды қара қазақ бұйымын.

Жастарымыз шетелде білім алуда,
Бас тартты және ядролық қару алуға.
Абай ата, елің бүгін тәуелсіз!
Өз туы бар, әнұранын салуда!

Абай ата, өзгерсе де бұл заман,
Қазағымның дәстүрі, тілі діні аман!
Өзіңіздей ұлы ақынды дәріптеп,
Ұмытпаймыз есіміңді ешқашан!

Құсайын Шұғыла

Ар-намыстың ақыны

Ардың сөзін жыр еткен – Абай еді,
Халқын сүйіп, тура жолды таба біліп.
Қара сөзбен кестелеген әр ойын,
Қазаққа бір таусылмас дара үміт.

Жалғаннан да жирендіріп біздерді,
Шындық пенен әділетке күз берді.
Ұлт тағдыры, ұрпақ қамы – бәріне
Жүрегінен от пен намыс із берді.

Сенің сөзің – шын өнердің шыңы боп,
Қалғымаған, уақытпен де ұмыт боп.
Жас ұрпақтың шамы болып жанасың,
Ұлттың үні, Абай болып тұрасың.

МАЗМҰНЫ

I бөлім: «Абайға тағзым – аға буын жырында» (Ересек жас ақындар – магистранттар, жас филологтар, әдебиеттанушылар)	7
II бөлім: «Абай үні – бізбен бірге» (1-2 курстың ақын жастары).....	47
III бөлім: «Абай әлеміне саяхат» (Мектеп оқушылары – 7–11 сынып жас ақындары).....	93

ҰЛЫ АБАЙМЕН ҮНДЕСУ

Бас редактор *Ш.М. Айтмұқұшева*
Компьютерде беттеген *Ш.М. Айтмұқұшева*
Көркемдеуші дизайнер *А.Ә. Ысқақ*

Басуға 29.07.2025. Пішімі 84х108^{1/32}.
Қаріп түрі «Times New Roman». Сықтывқар қағазы.
Көлемі 8,25. Таралымы 100 дана. Тапсырыс №382.

ISBN 978-601-311-238-1



9 786013 112381

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды